Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗДЫҒЫ

(талдамалық материалдар, әдістемелік нұсқаулар)

МЕТОДОЛОГИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ РАЗВИТИЯ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СИСТЕМЕ ОБЩЕГО СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

(аналитические материалы, методические рекомендации)

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 18 мамырдағы № 4 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 4 от 18 мая 2015 года)

Жалпы орта білім беру жүйесіндегі көптілді білім беруді дамытудың әдіснамалық қамтамасыздығы (талдамалық материалдар, әдістемелік нұсқаулар). – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 85 б.

Методологическое обеспечение развития полиязычного образования в системе общего среднего образования (аналитические материалы, методические рекомендации). – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 85 с.

Бұл құралда Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген және жүргізген көптілді білім беру аясындағы отандық және шетелдік тәжірибені зерттеу нәтижелері, құрылымы, технологилық картасы және көптілді білім беруді мониторгілеу тәртібі қамтылған. Мониторинг нәтижелерін негізге ала отырып Қазақстан республикасындағы көптілді білім беруді дамыту үшін бірқатар ұсынымдар берілді. Әдістемелік нұсқаулықтар педагогикалық қауымға және ата-аналарға арналған.

В данном пособии отражены результаты изучения отечественного и зарубежного опыта в области полиязычного образования, прописаны структура и технологические карты и процедуры мониторинга полиязычного образования, разработанного и проведенного Национальной академией образования им. И. Алтынсарина. На основании полученных результатов мониторинга предложен ряд рекомендаций по дальнейшему продвижению идей полиязычного образования в Республике Казахстан. Методические рекомендации предназначены для педагогической и родительской общественности.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2015

Мазмұны

Кіріспе..... 4
1 Көптілді білім беруді іске асыру жөніндегі халықаралық және отандық тәжірибеден..... 7
1.1 Қазақстанда көптілді білім беру идеяларын іске асырудың ағымды жағдайы..... 8
1.1.1 Жалпы мәліметтер..... 8
1.1.2 Көптілді мамандықтар бойынша кадрларды даярлау, соның ішінде педагогикалық мамандықтар бойынша..... 14
1.2 Көптілді білім беру аясындағы халықаралық тәжірибе (жалпы мәліметтер)..... 17
2 Республикадағы пилоттық мектептердегі көптілді білім сапасының мониторингі..... 29
2.1 Мониторинг құрылымы..... 32
2.2 Мониторингтің технологиялық карталары..... 37
3 Мониторинг нәтижелері..... 47
3.1 Республиканың жалпы білім беретін мектептерінде көптілді білімнің нормативтік қамтамасыздығы..... 47
3.2 Республиканың жалпы білім беретін мектептерінде көптілді білімнің оқу-әдістемелік қамтамасыздығы..... 49
3.3 Республиканың жалпы білім беретін мектептерінде көптілді білімнің кадрлық қамтамасыздығы..... 62
3.4 Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі көптілді білімнің ресрустық қамтамасыздығы (оқу уақыты)..... 65
4 Қазақстанда көптілді білімді дамыту бойынша қорытындылдар мен ұсыныстар..... 68
Қорытынды..... 76
Әдебиет..... 77
Қосымшалар..... 78

Кіріспе

Жаһандандыру жағдайында қоғамдық өмірдің тідік саласы елеулі өзгерістерге анағұрлым бейім келеді. Оны саяси, экономикалық және мәдени жүйелерінің ауысу қарқыны мен сипаты, басым жағдайда, әрбір жеке алынған ел үшін ерекше тілдік, этно-мәдени, әлеуметтік және өзге де нақты-тарихи жағдайларға байланысты болатынымен түсіндіруге болады.

Көпэтникалық және көпконфессиялы мемлекет бола тұрып, Қазақстан осы күні өзінің тілдік-мәдени дамуында күрделі де, қарама-қайшылыққа толы кезеңін өткеруде, оны қалыптасқан тілдік ахуал куәландырып отыр. Осы орайда, тілдік саясаттың аясындағы барлық дерлік құжаттарда бірнеше тілді меңгеру қажеттілігі өзекті идея болып тұрғанын да атап өту керек.

Осылайша, Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтудің, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың 2007-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы мемлекеттік тілді оқытудың сапасын арттыруға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы қолданысын қамтамасыз етуге, оның халықаралық келісімді және қазақстандық елжандылықты нығайтудың факторы ретіндегі рөлін арттыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы тілдік саясатының тұжырымдамасы орыс тілін ғылым мен техниканың түрлі салалары бойынша ақпараттық негізгі қайнар көзі, таяу және алыс шетелмен байланыс құралы ретінде анықтауда.

Сонымен бірге, жаһандық экономикалық кеңістікке бірігу әлемдік тілдерді, атап айтқанда ағылшын тілін білусіз мүмкін көрінбейді. Оның қарқынды түрде меңгерілуіне байланысты, қазақстандықтардың басым саны үшін тілдік ахуалды толық көлемінде көптілді деп белгілеп алуға болады. Яғни осы күнгі объективті шындықтар қазақстандық қоғам үшін тән қос тілдік, бара-бара көптілдікке ауысуымен қалыптасып жатыр.

Сондықтан осы құжаттардың өзінде білім беру жүйесінің елдегі жаңа тілдік ахуалмен байланысты мәселлерді шешуіндегі рөлі аталып отырғаны да кездейсоқтық емес: «Білім беру жүйесінің алдында тілдік дайындау маңызды элементтерінің бірі болып табылатын жоғары сапаға халықаралық стандарттарға негізделген білім беру процесінің үздіксіздігі қағидатына қол жеткізу міндеті тұр» [1].

Осыған орай, тілдік білім мәселесі жаңа мәніне ие болуда. Бұл жағдайда кез-келген тілді меңгеру осы тіл иелерінің мәдениетін зерттеумен ілесу қажеттілігі туралы идея бастамасы ретінде алынады.

Оған қоса, бұл үрдіс әр түрлі жазықтықтарда емес, тұтас, яғни синкретті өтуі тиіс. Осыған байланысты нәтижесі ретінде қоғамның көптілді азаматтары шығатын полилингвомәдениетті білім туралы сөз көтерген де орынды болатын еді. Осы көптілдіктің қосындысы ретінде өзінің этносына қатыстылығын түсіну сезімін нығайтатын ана тілі, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілі ғылыми-техникалық ақпараттық қайнар көзі ретінде, адамның дүниежүзілік қоғамдастықта өздігінен теңесуге қабілетін дамытатын шет тілі мен өзге де туыс емес тілдер болуы керек.

Сондықтан адамның өмірдің жаңа әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-

мәдени болмысына бейімделуінде басты индикаторлардың бірі ретінде, тілді меңгеру қазіргі уақытта өзекті ғылыми-теоретикалық және ғылыми-практикалық міндет болып шығады. Одан басқа, объективті түрде тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан тілдік саясаттың және тілдік ахуалдың дәстүрлі тұжырымдамасын жаңаша ұғыну қажеттілігі де туындады.

Бұл қазіргі замандағы Қазақстанның тілдік ахуалына қатысты мәселе Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында анағұрлым көрнекі көрсетілген, онда елдің және оның азаматтарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатымен «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңімен іске асыру ұсынылған, оған сәйкес үш тілді дамыту қажет: мемлекеттік тіл ретінде – қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде – орыс тілін және жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі ретінде – ағылшын тілін [2].

Қазақстанда осы күні қалыптасқан тілдік ахуал білім беру жүйесіндегі мәселелерге ерекше мәнін берді. Бұл ерекшелік Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын алға тартқанына байланысты. Қоғамның, соның ішінде ғылыми-педагогикалық қауымдастықтың да білдірген пікірі негізсіз сыннан бастап берілген идеяға теоретикалық-әдіснамалық негіздемелерді іздестіруге және оны іс жүзінде орындауға бағытталған тетіктерді әзірлеуге дейін айтарлықтай бірмәнді болмады.

Осы идея мән-жайының қысқа және нұсқа айтылғанына қарамастан, сыни пікірлерде берілген түсініктемесінде ол ағылшын тілі басымдылығы ретінде анықталуда. Осы сыни ойлардың дәрменсіздігін және бірлікке іріткі салатын күшін атап өтіп, «үштұғырлық» ұғымының болмысына назар аудару қажет. Біздің түсінуімізде бұл өз мәнін келесіде табуда: үштілділікті дамытудың қазақстандық қоғамдастық үшін оң әсері бірыңғай саясаттың, идеологияның, мәдени негіздің болуында ғана мүмкін. Бұл негіз «Тілдердің үштұғырлығы» жобасының авторымен мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгеру деп оның мән-жайын түсіндіруінің өзінде-ақ берілген.

Аталған үш тілдің меңгерілуі үшін тең шарттарды тудыру (білімділік міндеттерін тең белгілеу мағынасында) олардың қолданылуыдағы тең аясын, қолданылуының тең жүктемесін және оның тең мәртебесін білдірмейді.

Бұл жағдайда біз басты назарды нақты мәдени жобаның *педагогикалық* құрамдасына түсіреміз, ал ол болса толық көлемінде білімнің көптілділігін білдіре алады. Қазақстандағы тілдік ахуал айналасындағы пікірталастың белсенуі оның үйреншікті болған қостілділігіне емес, атап айтқанда тілдік білімнің жаңа межелерін білдіретін көптілділікке байланысты деп ойлаймыз.

Бұл межелер, ең алдымен, педагогикалық терминологияның білімнің көптілділігінің мәні келесідей ұғымдарды ашуына байланысты байытылуына байланысты:

– тілдік білім – қазіргі заманның барлық тілдері (туыс және туыс емес) және мәдениеті аясындағы білім (Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез);

– шет тілдік білім – жеке тұлғаны тілді және мәдениетті қатар өзара

байланыстырып зерделеумен шет тілі құралдарымен жеке тұлғаны дамыту (С.С. Кунанбаева);

– тілдік көпмәдениетті білім – шет тілі құралдарымен қазіргі заманғы ана тілі және зерттеліп отырған тілдердің көпмәдениетті қоғамдастықтарында мәдениеттердің қатар және өзара дамуының нормасы ретінде мәдени көптүрлілік туралы түсініктерін қалыптастыру (П.В. Сысоев);

– көптілді білім – көптілді жеке тұлғаны қалыптастыруда үш және одан астам тілдерді қатар меңгеруге негізделген мақсатты үрдіс (Б.А. Жетписбаева);

– тілдік тұлға – құрылымдық-тілдік күрделілігімен, шынайылықты бейнелеудегі терең ойымен және дәлдігімен, белгілі бір мақсатқа бағынуы дәрежесімен ерекшеленетін тілдік туындыларды (мәтіндерді) тудыру және қабылдауы шарт болатын адамның қабілеттері мен сипаттамаларының жиынтығы (Ю.Н. Караулов);

– екінші тілдік тұлға – адамның мәдениетаралық деңгейде қатынас құру қабілеті (И.И. Халеева);

– көптілді тұлға – бірнеше тілдің иесі: ана тілінің, тұрғын әлеуметінде қолданыста жүрген тілдердің; бір немесе бірнеше шет тілінің (Б.А. Жетписбаева).

Бұл жағдайда көптілдік білімнің жоғарыда келтірілген дефинициясы, яғни анықтамасы, нақты әлеуметтік-лингвистикалық мәнмәтінінде ашады, бұл жағдайда Қазақстанда үштілді білім ұғымының қолданысы мүмкін. Осы жағдайда сөз «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасының шеңберінде үш тілді игеру туралы көтерілуде. Сондықтан, берілген анықтамасында көптілдік мәніне екі және одан артық тілдің жиынтығы қатысты болатынына қарамастан, «үш және одан артық тілді меңгеру» деп ескертіп көрсетілген. Осыған орай, нақты құралда қолданылып отырған «үштілдік білім», «көптілдік білім» ұғымдары синоним болып табылады.

Жоғарыда айтылғанды басшылыққа алғанда, нақты әдістемелік құралда материалдарды баяндаудың қисыны анықталып, келесіде неізгі блоктардан құрылды:

– көптілді білімді жүзеге асыру жөніндегі халықаралық және отандық тәжірибеге шолу;

– Қазақстандағы көптілдік білімге мониторинг жүргізу.

1 Көптілді білім беруді жүзеге асыру жөніндегі халықаралық және отандық тәжірибеге шолу

Мәдени қоғамдастықтардың қарқынды интеграциясы жағдайында білім берудің классикалық моделі де айтарлықтай ауысуда. Өзінің базалық негіздерін сақтаумен, ол өз құрамына өтпелі кезеңдегі қоғамның қажеттіліктері шарт болған бірқатар инновацияларды да құрайды. Педагогикалық шындықтың ауысу көріністерінің бірі ретінде көптілдік білімнің қалыптасуына тұрақты беталысын атауға болады, ол әлеуметтік объектілері ойлары, олардың коммуникативтік дағдыларының және өзара қатынасындағы толеранттылығының демократиялық үлгісін дамытуға ықпалын тигізетін қуатты тетік ретінде шығады.

Педагогикалық инновациялардың оң болуына және оларды күнделікті тәжірибеге табысты енгізілуіне көп жағдайда тек әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлар ғана, тарихи мұрасы да алғы шарт болады. Қайсыбір құбылыстардан тарихи тамырлары әлдеқайда терең де алыс көрінгенімен, олар бәрібір өзінің объективті заңдылығына байланысты өзара байланысып, өзара алғышарт беруіне қарай, белгілі дәрежеде қазіргі күндегі әлеуметтік ахуал сипатын негіздейді.

Осы мәнінде Қазақстандағы көптілді білім теориясы мен практикасының туындауы мен бой көтеруіне тарихи-педагогикалық алғы шарттары ретінде келесі баптарды көрсетуге болады:

– дүниежүзілік әлеуметтік-экономикалық кеңістікте орын алып жатқан жаһандық интеграциялық-саралау үрдістері бірлігінің диалектикалық бірлігі лингвомәдени коммуникациялардың әмбебап құралдарын іздестіруді талап етеді;

– осындай коммуникацияның құралы ретінде осы күні әлемдік тілдер арасында анағұрлым кең ақпараттық мүмкіндіктеріне ие ағылшын тілі танылуда;

– ағылшын тілінің қазақстандық қауымдастықтағы лингвомәдени кеңістігіне кіруі оның әлемдік экономикаға кіру үшін оны қажетті көлемінде институционалдық зерделеуді талап етеді;

– қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі, оның қолданысының шынайы деңгейі оның білім беру жүйесіндегі, соның ішінде тідік білімдегі қажеттілігіне алғышарт болуда;

– қазақ-орыс, ұлттық-қазақ, ұлттық-орыс билингвизмінің (қостілділіктің), ұлттық-қазақ-орыс үштілділігінің қолданысы, орыс тілінің үстемдігі есебінен Қазақстанда қалыптасқан қазіргі күнгі тілдік ахуал білім беру мазмұнында оқу пәндері ретінде тілдердің тепе-теңдігі қажеттілігіне алғышарт болуда;

– қазақстандық тілдік ахуал үшін табиғи саналып, тарихи қалыптасқан орыс-қазақ қостілділігі орыс тілін ана тілі ретінде және ана тілі емес ретінде меңгертудің кеңестік дәуірден мұра болып бізге қалған ғылыми-әдістемелік базасының жоғары деңгейде әзірленуіне алғышарт болып отыр;

– кеңестік дәуірдегі тілдік құрылыста қазақ тілінің шет қалған жағдайы

оның қолданыс белсенділігін тежейтін фактор болып шығып, сонымен қатар қазақ тілін оқытып-үйрету мәселесінде педагогикалық тәжірибенің жіті тапшылығына алғышарт болды.

Көптілді білімді іске асырудың ағымдағы жағдайы көп ретте жоғарыда келтірілген алғышарттармен анықталуда.

1.1 Көптілдік білім идеяларын Қазақстанда іске асырудың ағымдағы жағдайы

1.1.1 Көптілді білім аясындағы ЖОО-ның тәжірибесі

Қазақстанда көптілдік білім беру идеясын іске асырудың алғашқы кезеңі дәл осы сәттен басталған. Бұл кезең ҚР БҒМ ЖОО-ның көптілді мамандарды даярлау бойынша тәжірибесін жинақтауды өз бастамасына алып, осы мәселеге арналған бірнеше мәжіліс өткізген 2012 жылдың маусымына дейін төрт жылға созылды. Бұл Қазақстанның ЖОО-да көптілді білім идеяларының кең ауқымында енгізілуі үшін «түрткі» секілді болды. Сондықтан Қазақстанда көптілді білім дамуының жаңа кезеңін осы 2012 жылмен белгілеу үшін негіздеме бар.

Алғашқы төрт жылда базалық ЖОО-да белгілі бір тәжірибе жинақталып, алғашқы нәтижелерге қол жеткізіліп, нақты проблемалар белгіленді.

Осылайша, бірінші кезеңінде Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің авторлық ұжымымен Қазақстан Республикасында көптілді білімді дамытудың тұжырымдамасы әзірленген, ол ҚР БҒМ-мен Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-мен бірлесе отырып ұйымдастырылған «Жоғары мектеп жүйесіндегі көптілдік білім: мәселелері мен келешегі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысушылармен іске асыруға ұсынылған. Тұжырымдамаға сәйкес көптілдік білімді дамытудың көптілдік білімнің нормативтік базасы, ғылыми-әдістемелік, теоретикалық-әдіснамалық және оқу-ұйымдастырушылық қамтамасыздығын дамыту секілді негізгі бағыттары белгіленген.

Осылайша, Тұжырымдамада белгіленген барлық бағыттар бойынша 2008 жылдан бастап көптілдік білім жүйелі және кезең-кезеңімен іске асырылуда.

Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-де көптілді білім бағдарламасын енгізуді реттейтін нормативтік құжаттар әзірленген (1-қосымшасы).

Сонымен қатар, Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-де Көптілдік білімді дамытудың алғашқы орталығы ашылып, ағылшын тілінде оқу-әдістемелік материалдарды қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс жүргізіліп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін тиімді меңгеруге арналған академиялық база құрылып, оытушылардың тілдік дайындығы басталды, ППҚ-ның біліктілігін арттыру ісі орындалуда.

Университеттің авторлық ұжымымен арнаулы пәндер бойынша ағылшын тіліндегі оқу-әдістемелік кешендер әзірленді, ҚР БҒМ таңбасымен

дайындықтың алты бағыты бойынша үштілдік терминологиялық анықтамалықтар басылымнан шықты, оқу құралдары, практикумдар жарияланды. Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-де әзірленген барлық оқу материалдарының тұсаукесері республикалық көрмелерде және семинарларда, ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарында өтіп, ЖОО оқытушыларынан және үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептердің мұғалімдерінен оң пікірсарап алынған (2 және 3 қосымшалары).

Көптілді топтарды құрумен бір уақытта арнаулы пәндер бойынша сабақтарды ағылшын тілінде жүргізу үшін оқытушылардың тілдік дайындығы қатар іске асырылуда.

Ағылшын тілін меңгерген пән оқытушыларын дайындау мақсатымен Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ ҚР БҒМ-нің «Дарын» Республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығымен бірлесе отырып оқытып-үйрету семинарларын, ағылшын тілінен республикалық олимпиадаларды өткізіп, үш тілде білім беретін мамандандырылған мектептерге арнап ағылшын тіліндегі оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді, осы мектептерде өз бөлімшелері ашылуда. Осы күні ҚарМУ кафедралар бөлімшелерінің қызметі шеңберінде «Дарын» дарынды балалар Мектебімен, Нурмаков атындағы үш тілде білім беретін мамандандырылған мектебімен, Қарағанды қаласының № 93, 97 мектеп-гимназияларымен көптілді білім аясында белсенді қызмет етуде. Осы бағыттағы жоспарлы жұмыс ҚарМУ-дің көптілді білімді дамыту орталығына өз бетінше өңірдегі консультациялық орталық ретінде шығуға мүмкіндік берді де, ЖОО-ның оқытушылары көптілді білім бағдарламалары шеңберіне оқу үрдісін ұйымдастыру жөнінде практикалық ұсыныстарды алып отыр.

Көптілді мамандықтар, соның ішінде педагогикалық мамандықтар бойынша көптілді мамандарды даярлау.

Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ көптілді білім бағдарламасы бойынша мамандарды 19, соның ішінде 9 педагогикалық мамандықтар бойынша 12 факультетте даярлауда, атап айтқанда: «Химия», «Физика», «География», «Биология», «Математика», «Қазақ тілі және әдебиеті», «Тарих», «Бейнелеу өнері және сызу», «Дене мәдениеті және спорт» (3-қосымшасы).

2008-2009 жылдардан бастап 2013-2014 оқу жылдары аралығындағы кезеңде көптілді білім бағдарламасы бойынша білім алатын студенттер контингентінің өсу динамикасы (1-кесте).

1-кесте – Көптілді білім бағдарламасы бойынша білім алатын студенттердің контингенті

Оқу жылы	**Көптілді білім бағдарламасы бойынша білім алатын студенттердің саны**
2008-2009	62
2009-2010	89
2010-2011	118
2011-2012	196
2012-2013	257
2013-2014	390

Көптілді білім бағдарламасын іске асыру уақытында Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-де 145 маман дайындықтан шықты (2-кесте).

2-кесте – 2012 ж. және 2013 ж. бітірушілерінің бағыттары мен мамандықтары

Бағыттары	**Мамандықтардың аталымы**
Педагогикалық мамандықтар	050110 – Физика 050112 – Химия
Ғылыми-жаратылыстану мамандықтары	5В060400 – Физика 050606 – Химия
Гуманитарлық мамандықтар	050302 – Халықаралық құқық 050202 – Халықаралық қатынастар 050902 – Туризм 050509 – Қаржы

Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-де көптілді білім бағдарламасын іске асырудың негізгі талаптары болып табылатындары:

– оқытудың алғашқы екі жылында ЖБП және таңдау бойынша құрамдас циклындағы пәндер аясында студенттердің тілдік дайындығы;

– оқытудың үшінші және төртінші жылдарында төртеуінен кем болмайтындай базалық және бейінді пәндерді ағылшын тілінде меңгерту.

Студенттердің көптілді білім бағдарламасы бойынша дайындығы екі кезеңнен құрылған, олар: студенттердің тілдік дайындығының кезеңі (қазақ/орыс және ағылшын тілдеріне оқыту) мен базалық және бейінді пәндерді қазақ/орыс және ағылшын тілдерінде зерделеу.

Тілдік дайындық университеттің шет тілдер факультетінің және филологиялық факультетінің оқытушыларымен іске асырылады. Ағылшын тілін меңгеру түрлі факультеттерде келесі пәндер бойынша орындалады:

– Шет тілі (ағылшын);
– Ағылшын тілінің базалық курсы (*A2, B1, B2* деңгейлері);
– Ағылшын тілінің практикалық курсы;
– Кәсіби-бағдарлы ағылшын тілі;
– Кәсіби қызметтегі ағылшын тілі;
– Арнайы мақсаттарға арналған ағылшын тілі;
– Ғылыми-техникалық әдебиетті оқу және аудару;
– Халықаралық-құқықтық саладағы ағылшын тілі;
– Туризм саласындағы ағылшын тілі және т.б.

Көптілді білімді енгізу кезеңінде Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-де түрлі бағыттар бойынша ағылшын тілінде оқытатын базалық және бейінді пәндері санының өсуі байқалуда.

Сонымен қатар көптілді білім шеңберінде базалық және бейінді пәндерді оқыту орыс тілінде жүретін топтарда қазақ тілінде және оқыту қазақ тілінде жүретін топтарда орыс тілінде оқу ісі орындалуда (3-кесте).

3-кесте – Қазақ/орыс тілдерінде оқытылатын пәндер туралы мәліметтер

Мамандығы	**Оқыту орыс тілінде жүретін топтарда қазақ тілінде оқылатын пәндердің саны**	**Оқыту қазақ тілінде жүретін топтарда орыс тілінде оқылатын пәндердің саны**
5В072000 – Бейорган. заттардың хим. техн. 5В072100 – Орган. заттардың хим. техн. 5В074800 – Фарм. өнд. техн.	2	
5В011300 – Биология		2
5В070100 – Биотехнология		4
5В011600 – География		2
050110 – Физика 5В060400 – Физика	2	2
5В010700 – Бейнелеу өнері мен сызу		3

Бағдарламаны іске асырудың алғашқы жылдарының өзі оның нақты бәсекелестік артықшылықтың мәнісін жақсы түсінетін студенттер арасында жоғары талапқа ие екенін көрсетті. Көптілді топтарды қалыптастыру студенттердің тестілеу арқылы анықталатын тілдік дайындығының деңгейін ескерумен жүруде. Жалпы, көптілдік білім шеңберіндегі тілдер (қазақ, орыс, ағылшын) «білімге екі деңгеймен ену» қағидасына сәйкес, яғни тілдерді қатар меңгеру тілдік пәндерді зерделеу және жеке бейінді пәндерді оқыту тілі арқылы зерделенуде.

2012 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігімен елдегі ЖОО-на ағылшын тілінде жаратылыстану және техникалық бейіндегі жеке бөлімшелерді ашу ұсынылған. ҚарМУ-де аталған бейін бойынша мамандардың дайындығы 7 мамандық бойынша жүргізілуде.

Педагог кадрлардың көптілдік білім бойынша біліктілігін арттыру.

Көптілді білім бағдарламасын табысты іске асыру ҚарМУ-де 2010-2012 жылдары 023 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» рсепубликалық бюджеттік бағдарламасын орындауға мүмкіндік берді. Үш жыл бойында Қазақстан ЖОО-ның 225 оқытушысы, ең алдымен педагогикалық оқытушылары, өз біліктілігін Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-де, соның ішінде ҚарМУ оқытушылары да келесі курстар бойынша арттырды: «Арнаулы пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемесі», «Кәсіби-бағдарлы ағылшын тілі», «Жаратылыстану-математикалық

пәндер бойынша сабақтарды ағылшын тілінде өктізу технологиясы» және т.б. Аталған курстарды меңгеру оқытушыларды бейінді пәндерді ағылшын тілінде оқыту ерекшеліктерімен таныстыру, көптілді аудиторияда қажетті әдістерді меңгеру, оқу-әдістемелік материалдарды ағылшын тілінде құрастыру біліктерін және дағдыларын қалыптастыру мақсатымен ғылыми-техникалық әдебиеттермен жұмыс амалдарына үйрету.

ҚарМУ-де ағылшын тілінде оқылатын базалық және бейінді пәндерді кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша дипломды алумен шет тілдер факультетінде оқыту, Көптілді білімді дамыту орталығының базасында ағылшын тілін меңгерудің сәйкес деңгейін растайтын сертификатты алумен, тілдік курстарды ұйымдастыру, біліктілікті арттырудың түрлі формалары мен курстары арқылы орындалуда. Бағдарламаны енгізу аралығында ағылшын тілін меңгеру деңгейін ҚарМУ-дің 102 оқытушысы өтіп, олардың ішінде 36 оқытушы сабақтарды ағылшын тілінде өткізу құқығын беретін сертификаттарға ие болды.

Базалық немесе бейінді пәндерді ағылшын тілінде оқытуды түлектерді шығаратын кафедралардың тәжірибелі оқытушылар құрамы іске асыруда, олар сәйкес тілдік дайындықты шет тілдер факультетінде өтіп, «Шет тілдер: екі шет тілі» мамандығы бойынша қосымша білім алып, тілдік курстардан және шетелдік өндірістік сынақтан өткен.

Көптілдік білім аясындағы ғылыми әзірлемелер.

Көптілдік білім аясындағы ғылыми зерттеулер екі бағытымен жүруде:

1) Диссертациялық зерттеулер (бастамасымен шыққан тақырыптар);

2) Грантты қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми жобалар.

2008 жылы Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-де Б.А. Жетпісбаевамен (1-қосымша) көптілді білім мәселесі бойынша іргелі зерттеу аяқталған, оның қорытындысымен «Көптілді білімнің теоретикалық-әдіснамалық негіздері» атты докторлық диссертация қорғалды, оның теоретикалық мәнділігі қазіргі кездегі отандық педагогиканың ғылыми дискурсына көптілді білімді тұжырымдаудың теоретикалық-әдіснамалық негіздері енгізілгенінде: педагогикалық теория көптілді білім мазмұны туралы білімдермен, онымен арақатынаста тұрған көптілді тұлға тұжырымымен, көптілді білімнің теориясы тұрғысындағы этнолингводидактика, көптілді білім практикасын түрлендірудің әдіснамалық құралы тұрғысындағы этнолингводидактикалық көзқарастың мәні туралы білімдермен байытылған.

Диссертациялық зерттеудің практикалық мәнділігі алынған нәтижелерді көптілді білім идеяларын іске асыру, азаматтық консолидация үшін белсенді қолданыстағы және өзара әрекеттесудегі тілдерді қосып меңгеруде тепе-теңдікті қамтамасыз етуде, этносаралық қатынастарды сақтауда және жеке тұлғаның көптілді әлеуметтегі тілдік құқықтарын сақтауда пайдалану мүмкіндігінде. Одан өзге, мультимедиалық тілдік орталықтарды ұйымдастыру қағидатымен құрылып, бірақ білімділік функцияларынан басқа, басқарушылық та функцияларын орындап келе жатқан көптілді білімнің Оқу-әдістемелік

форматы тұрғысындағы «Көптілді білімді дамыту орталығының» тиімділігімен расталған.

Нақты диссертациялық зерттеу көп жағдайда көптілді білім, тұтас тілдік білімнің дамуындағы заманауи инновациялық стратегияларына ғылыми негіздеме беру аясындағы іргелі ғылыми және қолданбалы әзірлемелердің келешегін анықтады. Осылайша, профессор Б.А. Жетписбаеваның басшылығымен докторлық (*PhD*) және магистрлік диссертациялар шеңберіндегі көптілдік білім мәселелері бойынша зерттеулер іске асырылып, орындалуда.

Сонымен қатар зерттеудің нәтижелері өзінің дамуын келесі ғылыми жобаларда да тапқан. «Мектеп-ЖОО» жүйесінде көптілді білімнің сабақтастығын қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік қамтамасыздығы» тақырыбымен зерттеу 055 «Ғылыми зерттеулердің гранттық қаржыландыруы» 2012-2014 жылдарға арналған бюджетік бағдарламасы шеңберінде орындалған, ол осы күннің өзінде қолданбалы нәтижелеріне ие (әдістемелік нұсқаулар, модельдер, бағдарламалар мен т.б.). Екі тақырып бойынша жұмыс басталған:

2015 жылы «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» 055 ББ аясында келесі тақырыптар бойынша жұмыстар басталды:

1) «Научно-методическое сопровождение непрерывной языковой подготовки инженерных кадров в условиях полиязычного образования (колледж-вуз)» (Жетписбаева Б.А., КарГУ им. Е.А. Букетова).

2) «Научно-методическое обеспечение раннего обучения иностранным языкам» (Жетписбаева Б.А., КарГУ им. Е.А. Букетова).

3) «Формирование языковых компетенций педагогических кадров в условиях реализации политики полиязычия в Казахстане» (Жумагулова В.И., КазГосЖенПУ).

4) «Полиязычие – один из приоритетов современного образования в системе высшей школы» (Исмаилова Г.К., СГУ им. Шакарима).

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-нің ғалымдарымен «Білімнің сапасын арттыру және халықаралық білім кеңістігіне интеграция жағдайындағы көптілді мәдениетаралық білімді дамытудың ғылыми-әдістемелің негіздері» атты жоба «Шет тілдік білімнің когнитвитік-лингвомәдениеттанушылық әдіснамасы» атты іргелі әзірлемелері шеңберінде іске асырылған, оның нәтижесінде көптілдіктің ғылыми-әдіснамалық негіздері тілдік білімді тұжырымды әмбебап деңгейіне шығарудан, пәндік мазмұнының әдіснамалық қағидаттарын, мазмұндық-технологиялық негіздерін анықтаудан және деңгейлеп ажыратудан бастап, тілдердің үштұғырлығын әмбебап деңгейлеп қалыптастырудың құрылымын анықтауға дейін көптілділіктің барлық құрамдастарын қамтитыны анықталып, одан өзге үш мәртебелі тілге оқытудың қиындығын ескерумен, деңгейлердің орындалған верификациясы келесілердің негізіне алынған:

- «Тілдердің үштұғырлығы» ұлттық жобасын оның білімділік бөлігін іске асыруда;
- ЕураАзЭҚ елдерінің гуманитарлық университеттерінің Консорциуымының жұмысында.

055 (Гранттық қаржыландыру) бюджеттік бағдарламасы бойыша

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында педагогикалық ғылымдардың докторы К.Н. Булатбаеваның басшылығымен «Орта және жоғары мектеп жүйесінде көптілді білімді қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік қамтамасыздығы» тақырыбында ғылыми жоба орындалған, оның нәтижесінде оқытудың екі технологиясы әзірленіп, апробациядан өткен: тілдік пәндерді меңгертудің функционалдық-коммуникативтік технологиясы және тілдік емес пәндерді меңгертудің когнитивтік-коммуникативтік технологиясы. Зерттеудің нәтижелері көптілді білім мәселелеріне арналған түрлі деңгейлердегі форумдарда (ағылшын тілі мұғалімдерінің III формуы) апробациядан өткен (Астана қ. Білім басқармасы), оқытып-үйрету семинарларында (АҚШ Елшілігінің ағылшын тілінің өңірлік орталығы: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ және басқалары) арналған «Мультилингвизм және мәдениетаралық білім: шет тілдерді Қазақстанда оқыту тәжірибесінен»). 30-дан астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектер жарияланды.

1.1.2 Мектептердің көптілді білім аясындағы тәжірибесі

Көптілді білім идеяларын Қазақстанда жүзеге асыруда ерекше орынды Қазақстанда 1992 жылдан бастап қызмет етіп отырған қазақ-түрік лицейлерінің бағдарламалары ерекше орында тұр. Алғашқы қазақ-түрік лицейлер Қазақстанда 1992 жылы Алматы, Көкшетау және Кентау қалаларында пайда болған. Лицейлер ер балаларға арналған, қыз балаларға арналған және аралас болып ажыратылады. Оқыту төрт тілде жүреді: қазақ, орыс, түрік және ағылшын.

ҚТЛ-дың 300-ге жуық түлегі халықаралық зияткерлік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлделі орын иелері атанды.

Қазақ-түрік лицейлері (ҚТЛ) – Қазақстандағы «KATEV» Халықаралық қоғамдық қорының басшылығымен жүрген мектептердің желісі. «*KATEV*» Халықаралық қоғамдық қоры 1997 жылы Қазақстан мен Түркия арасындағы түрік тарапынан білім беру ұйымдарының жұмысын үйлестіру мақсатымен 1992 жылы түзілген келісім негізінде құрылған. «*KATEV*» Халықаралық қоғамдық қорының басшылығында жүргендері: 28 қазақ-түрік лицейі, Сулейман Демирель атындағы университет, Тараз қаласындағы Жамбыл экономикалық университеті, «Шахлан» бастауыш мектебі, «НұрОрда» халықаралық мектебі.

«НұрОрда» халықаралық мектебі (Астана қ.) Қазақстандағы барлық мектептер секілді, 2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарына сәйкес білім алуда. Жетінші сыныптан бастап барлық пәндер ағылшын тілінде оқытылады. Оқушылардың тілдік дайындығын қамтамасыз ету мақсатымен, 6-сыныптан кейін 2-айлық жазғы мектептер өтеді, онда білім алушылар, ең алдымен, 7-11сыныптарда зерттелетін пәндер бойынша терминологияны игереді.

Бастауыш (1-6 сыныптар) сыныптардың оқушылары да 2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарларымен білім алуда. Оған сәйкес, олар ағылшын тілін

аптасына 2-3 сағаттан зерделейді.

Оқулықтарға қатысты: бастауыш мектеп «Атамұра» баспасының оқулықтарымен; 7-11 сынып оқушылары бейімделген оқулықтармен оқуда, яғни «НұрОрда» оқытушылары барлық пәндер бойынша оқулықтарды ағылшын тілінде әзірлеп/ оған аударады, содан кейін «Атамұра» оқулықтарының баламасы болып табылатын «*ZAMBAK*» оқулықтарын баспадан шығарады.

Жоғары сыныптарда оқыту ағылшын тілінде жүретініне қарамастан, «НұрОрда» оқытушылары арасында ағылшын тілін иеленуші жоқ, бірақ түрлі іс-шараларды өткізгенде мектепке «*KATEV*» Халықаралық қоғамдық қорының волонтерлары тартылады. Сонымен бірге, жылына 2 рет оқытушылар аттестаттаудан емтихан түрінде өтеді. Аттестаттауға жатпайтын мұғалімдер үшін 2 айлық жазғы семинарлар ұйымдастырылады.

Көптілдік білім идеяларын іске асыру бойынша ұқсас жағдай барлық ҚТЛ-да байқалуда. Жалпы, көптілдік білім идеяларын Қазақстанда жүзеге асырудың ағымдағы жағдайына жүргізілген талдаулар келесіні белгілеуге мүмкіндік береді:

1) 2007 жыл. Қазақстан Республикасының Президенті «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасына бастамашылық етті.

2) 2008 жыл. Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті және Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлемдік тілдер университеті көптілдік білімді іске асыру бойынша базалық ЖОО ретінде танылды (ҚР БҒМ-нің 22. 07. 2008 жылғы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді дамытудың басым бағытары бойынша базалық ұйымдарды бекіту туралы» № 441 бұйрығы).

Қазақстан Республикасында көптілді білімді дамыту Тұжырымдамасы әзірленді (Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ).

«Жоғары мектеп жүйесіндегі көптілді білім: мәселелері мен келешегі» Халықаралық ғылыми-практикалық ғылыми конференциясы өткізілді (ҚР БҒМ Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ-мен бірлесіп).

Көптілдік білімді ЖОО-да енгізуді реттейтін нормативтік құжаттар әзірленді (Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ).

Көптілді білімді дамыту орталығы ашылды (Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ).

3) 2009-2011 жылдар. Арнаулы пәндер бойынша (базалық және бейінді) ағылшын тіліндегі оқу-әдістемелік кешендердің әзірлемесі басталды, ҚР БҒМ таңбасымен дайындықтың алты бағыты бойынша үштілді терминологиялық сөздіктер басылымнан шықты (Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ).

Ағылшын тіліндегі оқу-әдістемелік материалдарды қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс жүргізілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерту үшін тиімді академиялық база құрылды, оқытушылардың тілдік дайындығы белсенді жүруде, ППҚ-ның біліктілігін арттыру орындалуда (Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ).

Оқытып-үйрету семинарларының, ағылшын тілі бойынша республикалық семинарлар (Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ ҚР БҒМ-нің «Дарын» ҚҒПО-мен

бірлесіп).

Үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептерге арнап ағылшын тілінде оқу-әдістемелік кешендер әзірленді (Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ).

Үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептерде кафедралардың бөлімшелері ашылды (Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ).

Қазақстан Республикасының 33 мектебінде көптілдік білім бойынша эксперимент басталды.

Іргелі зерттеу ісі аяқталып, Б.А. Жетписбаеваның «Көптілді білімнің теоретикалық-әдіснамалық негіздері» тақырыбымен диссертациясының бұқара алдында қорғауы орын алды.

Магистрлік диссертациялар шеңберінде көптілді білім мәселелері бойынша зерттеулер басталды, 2012-2014 жылдарға арналған 005 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бюджеттік бағдарламасының шеңберінде «Мектеп-ЖОО» жүйесінде көптілді білімнің сабақтастығын қамтамасыз етудің ғылыми-әдіснамалық қамтамасыздығы» (жетекшісі п.ғ.д. Б.А. Жетписбаева, Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ), «Орта және жоғары мектеп жүйесінде көптілді білімнің ғылыми-әдістемелік қамтамасыздығы» (жетекшісі п.ғ.д. К.Н. Булатбаева, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы) атты ғылыми жобалар бойынша зерттеулер өткізілуде.

Жобалардың шеңберінде:

– 100-ге жуық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектер жарияланды;

– көптілді білім берудің технологиялары әзірленді (тілдік пәндерді меңгертудің функционалдық-коммуникативтік технологиясы және тілдік емес пәндерді меңгертудің когнитивтік-коммуникативтік технологиясы).

4) 2012-2013 жылдар. Қазақстанның ЖОО-да көптілді білім беру шеңберінде мониторнигтік зерттеулер жүргізілуде (ҚР БҒМ-нің Болон процесінің орталығы).

Көптілді білім мәселелеріне арналған түрлі деңгейдегі форумдар өткізілуде:

– ағылшын тілі оқытушыларының III форумы (Астана қаласының Білім басқармасы);

– оқытып-үйрету семинарлары (АҚШ Елшілігінің ағылшын тілінің өңірлік орталығы);

– Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Мультилингвизм және мәдениетаралық білім: Қазақстанда шет тілдерін оқыту тәжірибесі» атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ).

ҚР БҒМ «Қазақстанда филологиялық білім дамуының басым бағыттары» атты филологтардың I Съезі ұйымдастырылды, онда көптілді білім мәселелеріне көп назар аударылған.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлтық білім академиясында Съезд шеңберінде «Білім – Образование» атты журналдың арнайы нөмірі баспадан шықты, ондағы тараулардың бірі көптілдік білімге арналған.

5) 2014 жыл. Қазақстанның пилоттық мектептерінде көптілді білім аясында мониторингтік зерттеулер басталды (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлтық білім академиясы).

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлтық білім академиясымен «12 жылдық білім - 12-летнее образование» (№ 1, 2014 ж.) көптілді білім мәселелеріне арналған республикалық журналы әзірленді.

1.2 Көптілді білім аясындағы халықаралық тәжірибе (қысқаша сипаттамасы)

1.2.1 Азия елдеріндегі оқыту тілдері

Сингапур. Басым тілдер: ағылшын, қытай, тамиль, малай.

Сингапурдың білім орындарында пәндердің басым санын оқыту ағылшын тілінде орындалады, әсіресе бұл математика және жаратылыстану ғылымдарына қатысты. Сингапурдың бұрыңғы Премьер-Министрі Ли Куан Ю ағылшын тілін күнделікті қарым-қатынас тілі ретінде қолдануды ұсынған, бұл түрлі этникалық азаматтардың және мәдени топтардың қарым-қатынасын жеңілдетіп, сонымен қатар Сингапурдың жаһандық экономикаға интеграциясы үрдісін жеңілдетуге керек еді.

Тілдік пәндер:

– ағылшын тілі;
– ана тілі (қытай, малай және тамиль);
– тамильдік емес тілдер (хинди, урду және т.б.);
– ана тілін тереңдетіп игеру (қытай, малай және тамиль);
– шет тілі (француз, неміс, жапон).

1987 жылы ағылшын тілі мектептерде оқытудың негізгі тілі болды, ал ЖОО-да толығымен оқыту ағылшын тілінде жүргізілді. Негізгі бәсекелестік артықшылықтары:

– ағылшын тіліндегі сапалы жоғары білім;
– 2008 жылы 97 000 шетелдік студент білім алған, 2015 жылға қарай 150 000 шетелдік студенттерді оқуға тарту көзделуде;
– тұрғындардың 80% ағылшын тілін меңгерген.

Сингапурдағы білімнің тірегі қостілділік болып табылады. Ағылшын тілі меңгерілуі мектептен басталып, сонымен қатар басқа пәндерге оқыту іске асырылып, бірінші тіл болғанына қарамастан, оқушылар мен студенттердің басым көпшілігінен үш ресми тілдің біріне жататын қытай, малай және тамиль секілді «ана тілін» де игеру талап етіледі. Ана тілі бойынша емтихан бастапқы мектептің (*PSLE*) бітіруші емтиханының міндетті құрамдасы, сонымен қатар *N*-, *O*- және *A*-деңгейлерінен сертификат алу емтиханы болып табылады. Ана тілін жеткілікті жоғары дәрежеде игеру Сингапур университеттеріне оқуға түсудің қажетті шарты, бірақ бұл ережеде шетелдік студенттер ескерілмейді.

Қостілдік саясат алғаш рет 1966 жылы бекітілген. Оның басты

мақсаттарының бірі ағылшын тілін Сингапурдың бытырап кеткен этникалық және мәдени топтарының қарым-қатынасындағы бейтарап тіл тұрғысынан дамыту болып табылады. Ағылшын тілін «бірінші тіл» ретіде тану барлығына қоса, Сингапурдың жаһандық экономикаға ену үрдісін күшейтуді де көздейді.

Елдегі тілдік және мәдени плюрализмді мойындау өз алдына, оқушылар мен студенттерге ана тілін меңгеруінде, өзінің этникалық тамырларын ұмытпауға және онда өзінің ұқсастығын, өзінің мәдени ерекшелігін сақтауға мүмкіндік беруді мақсат етеді.

Малайзия. Малайзияның ресми тілі – малай тілі. Ағылшын тілі тарихи тұрғысынан (1960 жылдардың соңына дейін) іс жүзінде әкімшілік тілі болып жүрген. Бүгінгі күні ағылшын тілі екінші тіл ретінде маңызды рөл атқарып, әлдебір дәрежесінде білім беру саласында қолданылуда. Одан өзге, ағылшын тілінің малай нұсқасы бизнесте кең қолданысқа ие, онымен қатар жиі манглиш - малай тілінің және біршама дәрежеде қытай және тамиль тілдерінің ықпалы күшті ағылшын тілі. Елдің шығыс бөлігіндегі тұрғылықты халықтардың тілі мейлінше кең таралған, олар басым көпшілігінде малай тіліне болар-болмас туыстықта. Осы тілдердің ішінде кең тарағаны ибан тілі, ол 600 мыңға жуық иесімен ерекшеленеді.

Малай қытайлары басым жағдайда Оңтүстік Қытайдың түрлі (Оңтүстік Минь, кантон, хакка, хайнань және басқалары), сонымен қатар кем дәрежесінде, путунхуа диалектілерінде сөйлейді. Елдегі үндістер басым жағдайда тамиль тілін қолданады.

Малайзияның саңырау тұрғындары малайлық, сонымен қатар жоғалу мүмкіндігі бар пинанган және селангор ымдау тілдерінде қатынасқа түседі.

Индонезия. Индонезияның мемлекеттік тілі индонезиялық тіл (индон. *Bahasa Indonesia*), австронезиялық тілдер шоғырының индонезиялық тармағына жатады. Оның мәртебесі конституциямен және қолданыстағы заңнамамен реттеледі. Жазу үлгісі – латын алфавитіне негізделген.

Индонезиялық тіл елдегі барлық орта білім беретін мекемелерінде меңгерілуге міндетті. Қайсыбір дәрежесінде оны Индонезияның ересек тұрғындарының барлығы дерлік меңгерген деп айтуға болады, 2009 жылғы жағдай бойынша оның елдегі белсенді иелерінің саны 60% құрауда. Сонымен қатар, тұрмыста мемлекеттік тілді қолданатын тұрғындардың саны шамалы (түрлі бағалауларға қарағанда, 12%-дан бастап 20%-ға дейін) – индонезиялықтардың басым саны отбасы шеңберінде жергілікті ана тілін қолдануда. Бұл жағдайда тұрғындардың айтарлықтай саны қостілді – ана тілі мен мемлекеттік тілді еркін меңгеріп, көбісі екі тілді де ана тілі ретінде көреді.

Филиппиндер. Мемлекеттік тілі – тагаль тілі (тагалог немесе пилипино). Тұрғындардың басым саны австронезиялық шоғырдың филиппин тілдерінде сөйлейді, оның кең тарағандары – тагаль, себуано, илокано, биколь, хилигайнон, пангасинан, капампанган, варай-варай. Тұрғындардың басым көпшілігі ағылшын тілін меңгерген. Сонымен қатар кең тараған тілдер ішінде испан (3 %), чабакано испандық-креол тілі (1 %). Қытай, Испан тілі Филиппиндерде үш жүз жылдан астам уақыт қолданылып (1571-1898), елдегі жалғыз жазбаша тіл қызметін атқарып келген. Алайда, Испанияның тым алыс

жатқаны салдарынан, жергілікті тұрғындардың негізгі бөлігі үшін ана тілі бола алмады. 1898 жылғы Испандық-американдық соғыс Филиппиндердің АҚШ бақылауына өтуімен аяқталды. Оған қарамастан, испан тілі, ел ішінде лингва франк дәрежесін 1950-ші жылдардың басына дейін сақтап келген, содан кейін американдық үкімет оны ағылшын тіліне ауыстыру үшін белсенді күш салған. Алдымен 1973 жылғы конституция бойынша испан тілі өзінің ресми мәртебесінен айырылды, ал 1986 жылдан кейін мектептерде міндетті пән ретінде зерттеу аясынан шықты. Оған қоса, филиппиндердің автохонды тілдері, соның ішінде тагаль тілі өз құрамында сөздік қорының 40% құрайтын испан тілінің елеулі қабаттарын сақтап отыр. Филиппиндерде ағылшын тілі кең қолданыста, әсіресе ғылымда, білімде және баспада.

Камбоджа. Тұрғындардың шамамен 96 % кхмер тілінде тілінде сөйлейді, австроазиялық тілдер шоғырына жатады да, Камбоджидағы жалғыз ресми тіл болып табылады. Отаршылдық уақыттың мұрасы болып қалған екінші тіл есебінде француз тілі тараған, бірақ оның қолданыс аясы соңғы уақытта айтарлықтай қысқарған. Француз тілі көптеген мектептерде және университеттерде білім тілі тұрғысынан, сонымен қатар шектеулі дәрежесінде елдің үкіметімен қолданылуда. Одан өзге, бұл тілді камбоджиялық ересек тұрғындардың басым көпшілігі есте сақтап қалған. Соңғы онжылдық ішінде анағұрлым тартымды және меңгерілуі қызықты шет тілдері арасында ағылшын тілі мен қытай тілі танылуда.

Сонымен қатар, елдегі аз ұлттардың тілдері де кең тараған: чем және қытай диалектілері, вьетнам, лаос, тай және т.б. таулы жерлердегі халықтар өз тілінде сөйлейді: зярай (джарай), эде (радэ), стиенги, саоть, пор, самре және куи.

Үндістан. Үндістан үнді-арий тілдер шоғырының (тұрғындардың 74 %) және дравидтік тілдер шоғырының (тұрғындардың 24 %) отаны болып табылады. Үндістандағы тұрғындардың тілдесетін басқа тілдер австроазиялық және тибет-бирмандық лингвистикалық тілдер шоғырынан шыққан. ХиндиҮндістанда ең кең тараған тілі, ол Үндістан үкіметінің ресми тілі болып табылады. Бизнесте және әкімшілік тарапынан кең тараған ағылшын тілі «қосымша ресми тіл» мәртебесіне ие; сонымен бірге ол білім саласында, әсіресе орта және жоғары білімде үлкен рөл атқарады. Үндістанның конституциясында 21 ресми тіл белгіленген, ол тілдерде тұрғындардың басым көпшілігі немесе классикалық мәртебесіне ие тұрғындар тілдеседі. Үндістанда барлығы 1652 диалект бар.

Үндістандағы ЖОО-ның басым санында оқыту ағылшын тілінде жүреді. Елдегі жоғары білім еуропалық ЖОО бағдарламаларының деңгейінде ұсынылады.

Қытай. Қытайдағы ханьдар өзінің меншікті ауызекі және жазбаша тілі - қытай тіліне ие, онымен олар өз елінде де, шетелде де қолдануда. Қытай тілінде сөйлейтіндердің саны 1 миллиард адамнан асады.

Қытайдағы 55 аз ұлттардың да басым көпшілігі өзінің меншікті тілдеріне ие. Елді азат еткен соң, негізінде қытай тілін қолданып жүрген хуэй (дұңған) халқынан басқа, маньчжурлар мен шэ, өз тілінде ауызекі тілдесіп жазба тілін қолданғандар моңғалдар, тибеттер, ұйғұрлар, корейлер, қазақтар, сибо, тай,

өзбектер, қырғыздар, татарлар мен орыстар. Өзінің жазбаша тілі наси, мяо, цзинпо, лису, ва, лазу халықтарында да болған, бірақ олар кең қолданылмаған. Қалған 34 этникалық топтарда ұлттық жазуы болмаған.

ҚХР түзілген соң, үкіметтік бағдарлама шеңберінде 10 этникалық топ үшін жазбаша тілдер түзіліп, жүйеге келтірілген, соның ішінде чжуан, буи, мяо, дун, хани, ли және т.б., ұйғұрлардың, қазақтардың, цзинпо, лаху және тайлардың жазбаша тіліне реформа жүргізілді.

Жапония. Елдегі тұрғындардың басым саны жапон тілінде сөйлейді. Оның басқа тілдерде дәл ұқсастары жоқ, алтай тілдер шоғырына жақын, идеографиясын және буын фонографиясын қатар үйлестіретін ерекше жазбаша нұсқасына ие. Грамматикалық қатарына қарағанда агглютинативті, грамматикалық мәндерін басым жасанды жолмен білдірумен қатар келеді. Тілдің ерекшелігі гоноративтердің жүйесінің дамуында, ол жапондық қоғамның үстемдік табиғатын көрсетуге бағытталған. Жапон тілінің «Синсэ-кокугодзитэн» сөздігіне сәйкес, қытай тегіндегі сөздер оның шамамен 49,1 % құрауда, жапондық сөздердің өзі - 33,8 %, өзге кіріккен сөздер - 8,8 %. Жапондық жазу үлгісі негізгі үш бөліктен құрылады, олар: ка́ндзи (Қытайдан кірген иероглифтер), және екі буын азбук - катакандар және хирагандар (кана), Олар Жапонияда кандзи негізінде құрылған. Осы жазу үлгілерінің әрқайсысы заманауи жазуында өзінің дәстүрлі орнын алған. Сонымен қатар латын жазуы мен араб сандары қолданыста. Жапондық жапондық-рюкю тілдеріне жататын Рюкю тідерінде Окинавада сөйлейді, бірақ оны оқып-үйренетіндердің саны аз. Айн тілі қолайсыз тілдерге жатады. Оны тек Хоккайдодағы қартайған тұрғындар ғана біледі.

Елдегі жеке және мемлекеттік мектептердің көбісінде оқушылар жапон және ағылшын тілдерін меңгеруде.

Армения. Армениянның мемлекеттік тілі – армян тілі. Армян тілінен басқа (дәлірек айтқанда, шығыс-армян), елде орыс тілі (онымен тұрғындардың 70 % қолданып жүр) ағылшын тілі, сонымен қатар ең көп аз ұлттардың тілі ретінде езид тілі кең тараған.

Орыс тілі ақпараттық рөлінде қызмет етуде (Армения да үш ресейлік телеарнаның трансляциясы жүреді, олар: «Первый канал (Ресей)», «РТР-Планета» және «Культура», сонымен қатар мемлекет аралық «МИР» атты телерадиокомпаниясы қызмет етуде, орыс тілінде шығатын газеттер: «Республика Армения», «Голос Армении» мен т.б. және Армениянның орыс тілінде шығатын «Базис» экономикалық журналы). Сонымен қатар бұл тіл өзінің гуманитарлық қызметін де жалғастыруда: ол орыс тіліндегі әдебиетті, соның ішінде кәсіби әдебиетті оқу үшін қажет, бұл жағдай оның ғылыми және арнаулы білімдердің трансляторы тұрғысындағы мәнділігін бейнелеп, сонымен қатар орыс мәдениетіне қосу мүмкіндігін береді.

АР-ның Білім және ғылым министрлігімен орыс тілін тереңдетіп оқытумен жүретін мектептердің қызметі туралы ережелер бекітілген. Республикада ондай мектептердің саны 60-қа жетеді. Сонымен бірге елде орыс сыныптары бар 40 жалпы білім беретін және 3 жеке мектеп қызметін көрсетуде. Ондай сыныптардың барлығында оқыту Ресей Федерациясының бағдарламаларымен

және оқулықтарымен жүреді. Әдеттегі мектептерде орыс тілі екінші сыныптан бастап он бірінші сыныпқа дейін оқытылады, ал шет тілі болса – тек бесініші сыныптан басталады.

Израиль. 1922 жылы Британияның Патшалық үкімімен Палестинадағы ресми тілдер ретінде ағылшын, араб және иврит тілдерін бекіткен. Британиялық мандат кезінде (яғни, 1948 жылға дейін) ағылшын тілі Палестинада ресми тіл болып, оны үкімет өкілдері де, жергілікті тұрғындар да иммигранттардың көпшілігі де қолданған.

Израиль мемлекеті құрылған соң, 1949 жылы кнессетпен түзетулер қабылданып, нәтижесінде ағылшын тілі өзінің ресми мәртебесінен айырылып, иврит бірінші, ал араб тілі екінші мемлекетік тіл болып жарияланды. Оған қарамастан, осы екі тілдің мәртебесі тең емес. Жиі жағдайда жол сілтегіштерге және көше аталымдарына араб тілінде жазуларды енгізу үшін соттың арнайы рұқсаты қажет.

Сонымен бірге Израиль – иммигранттардың елі болып табылып, оның салдары ретінде ол көптілді мемлекет болуда. Тұрғындардың басым саны ағылшын тілін меңгерген, одан өзге орыс, амхар, испан және француз тілдері таралған. Мемлекеттік мәртебесінен басқа Израильде «ресми танылған» тілдердің мәртебесі де бар. Бұл қатарға ағылшын, орыс және амхар тілдері жатады.

1.2.2 Европа елдеріндегі оқыту тілдері

Нидерланд. 1952 жылы интернационалдылықты дамыту, жоғары білім сапасын арттыру мәселелері бойынша Nuffic агенттігі құрылған.

Бұл ел – жоғары оқу орындарындағы оқытуды ағылшын тілінде ұсынған алғашқы ел. Онда ағылшын тілінде 1543 халықаралық оқу бағдарламалары қолданыста жүр (олардың жалпы саны 1560):

– 849 бағдарлама жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша;
– 267 бағдарлама жоғары білім бойынша;
– 400-ден астамы – қысқаша оқу бағдарламалары.

2011 жылы онда 81 700 шетелдік студент білім алды.

Нидерландыдағы тұрғындардың 87% өз ойын ағылшын тілінде жеткізе алады (тұрғындар арасында тілді таңдауы бойынша жүргізген сауалнама, Европалық комиссия). Ағылшын тілі голландиялық орта білім жүйесіндегі барлық деңгейлерде міндетті емтихан пәні болып табылады.

Норвегия. Байырғы этностардың үш ресми тілі қолданылады. Ағылшын тілінің кең танымал болуы тән. Бастауыш және орта мектептерде ағылшын тілі бойынша білімдеріне ерікті тестілеу жүреді. Осло қаласында мамандандырылған халықаралық мектеп қызмет етеді (орта мектептің пәндерін ағылшын тілінде оқыту).

1997 жыдан бастап ағылшын тілі меңгеру үшін міндетті болды.

2007 ж. ағылшын тілінде 3 500 пән және 200 магистрлік бағдарлама есебі берілді.

2010 ж. бұл елде 17 696 шетелдік студент білім алды.

Дания. 2004 ж. Жоғары білімнің интернационализациясы бойынша стратегия қабылданды:

– жоғары білім деңгейінде ағылшын тіліндегі академиялық бағдарламалардың санын арттыру;

– шетелдік студенттер және оқытушылар үшін Даниялық білімнің тартымдылығын арттыруға ықпал ету;

– Даниядағы білім беру ұйымдарына дарынды адамдарды тартуда қолайлы жағдайларды жасау үшін қолдау көрсету.

Ағылшын тіліндегі академиялық бағдарламалардың 1000-нан астамы түрлі мамандықтар бойынша әзірленген.

Ағылшын тілі 3-сыныптан бастап мектепте міндетті пән саналады. Оқушылар ағылшын тілі бойынша ұлттық тестіні 7-сыныпта тапсырады. Сонымен бірге, ағылшын тілі мектепті аяқтағанда тапсыратын емтихандар тізіміне қосылған.

Австрия. Шет тілдерге оқыту бастауыш мектептің 1-2 сыныптарынан міндетті болып табылады. Автсриялық мектептердің 96% астамы ағылшын тілін меңгертуді ұсынады. *CLIL* түрлі формалары іске асырылған (пәнді және тілді біріктіріп оқыту).

Финляндия. Мектептерінде шет тілінде арнайы бағдарламалар әзірленген. Жеке пәндерді оқыту ағылшын ітілнде жүреді. Оқытуды ағылшын тілінде жүргізетін жеке мектептер бар. Орта білім ағылшын тілінде.

Бельгия және Люксембург. Үш ресми тіл қолданыста.

Мектепте ағылшын тілін меңгеру міндетті.

Антверпен қаласында халықаралық мектеп қызмет етеді (ағылшын тілінде оқытудың толық циклы жүреді).

Франция. Колледждерге арнап шет тілдерді меңгерудің жаңа бағдарламалары әзірленген:

– бірінші деңгей – оның мақсаты *A2* деңгейіне жету (орта немесе бастауыш стандартты қолданушы);

– екінші деңгей – оқытуды аяқтауына қарай тілді меңгеруі *B1* немесе *A2* деңгейіне сәйкес келуі тиіс (өз бетінше қолданушы).

Словения. Бастауыш мектепте ағылшын тілі міндетті бағдарламаның бөлігі ретінде (бірінші шет тілі) меңгеріледі. Төртінші сыныпта, міндетті факультативтік пән (екінші шет тілі) ретінде меңгеріледі. Жетінші сыныпта, егер оқушылар шет тілін екінші триадасында меңгерген болса, онда ағылшын тілі міндетті бағдарлама ретінде меңгеріледі.

Грузия. Ондағы ағылшын тілін күшейту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама мыналарды құрайды:

– Грузиядағы ағылшын тілді жазғы мектептер;

– Ұлыбританиядағы ағылшын тіліндегі жазғы мектептер;

– Студенттермен алмасудың жоғары мектепті Грузиялық бағдарламасы / *GHSEP*.

Осы аталған барлық үш суб-жобаны Грузияның Білім және ғылым

министрлігі қаржыландырады.

Швеция. Ағылшын тілі үшінші сыныптан бастап тоғызыншы сыныпқа дейін міндетті пән болып табылады. Швеция оқушыларының ағылшын тілін меңгеруге мотивациясы осы тілдің жоғары мәртебесіне байланысты. Швецияның ЖОО-да оқыту негізінде ағылшын тілінде жүреді.

1945 жылы қостілділікті жалғастыру және ЖОО-да ағылшын тілін оқытуды дамыту үшін Швеция Институты (*Swedish Institute*) құрылған.

ЖОО-ның 60% (52 оқу орнынан 32) ағылшын тіліндегі түрлі оқу бағдарламаларын ұсынады. 2008 жылы 600 оқу бағдарламалары (оның ішінде 400 магистрлік) ағылшын тілінде болды. 31000 шетелдік студент және 19000 студент алмасу бойынша оқиды.

Тұрғындардың 89% ағылшын тілінде сөйлейді.

Эстония. ЕО-қа (2004) кіру сәтінен және Болон процесіне қосылу сәтінен бастап ағылшын тілін меңгеру ісі қарқынды серпін алуда. 34 ЖОО-ның 7 ағылшын тілінде оқытудың түрлі бағдарламаларын ұсынады.

2014 жылға келесілерді арттыру жоспарланып отыр:

– Эстонияның ЖОО-да шетелдік оқытушылардың үлесін 3% дейін арттыру;

– *PhD* және пост-докторлықтан кейінгі бағдарламалар бойынша шетелдік студенттердің үлесін 10% арттыру;

– Жалпы шетелдік студенттердің санын 3000 адамға дейін арттыру.

Ағылшын тілін меңгеру Эстонияда міндетті.

Ағылшын тіліне оқытудағы сұраныс білім берудің барлық деңгейлерінде өте үлкен.

1.2.3 Еурпалық мектептердегі көптілдік білім тәжірибесі

Көптілді білімнің ағағұрлым қызық тәжірибесі Еуропаның бірігу үрдісінде жинақталған. Сол кезде бірінші Еуропалық қоғамдастықтың дипломат қызметкерлері – ата-аналар тобының бастамасымен 1953 ж. (Люксембург I, Кирхберг) құрылған Еуропалық мектептің моделі қалыптасты. 1957 ж. сәуірінде ЕЭО мүше-елдері келісім ресімдеп, оның нәтижесінде Еуропалық мектеп өзінің түлектеріне Қоғамдастықтың барлық мүше-елдерінде танылатын біліктілікті беру құқығын алумен алғашқы ресми Еуропалық мектеп мртебесіне болады. Осыдан кейін жаңа Еуропалық мектептер Қоғамдастықтың басқа да елдерінде, соның ішінде Бельгияда, Италияда, Германияда, Нидерландта, Ұлыбританияда, Испанияда және Францияда құрылды. 2008/09 оқу жылының басына Еуропалық Одақта жаңа үлгідегі 14 мектеп қызмет ете бастаған. Еуропалық мектептердің ең үлкен саны осы күні Бельгияда (4 Брюссельде және біреуі Моледе).

Еуропалық бірігу саясатының негізін қалаушы Жан Монне Еуропалық мектептердің мақсаттарын келесідей белгілеген: «Бірге білім ала отырып, түрлі еуропалық елдердің оқушылары жастық шағынан іріткі салатын еркін өсіп, түрлі мәдениеттердің үздік үлгілерімен таныс бола тұра, өзінің өсуіне қарай өз

қоғамдастығын түсіне бастайды. Өз елдеріне сүйіспеншілік және оның жетістіктері үшін мақтаныш сезімдерінен арылмай, олар өздерін өз ата-бабаларының бірыңғай және өркениетті Еуропа туралы идеяларын жүзеге асыруға салған еңбектерін аяқтауға және нығайтуға дайын еуропалықтар деп ұғынады»[2].

Еуропалық мектептер Конвенциясының 3-бабы құрамында бала-бақшасы, бастауыш мектептің бес сыныбы мен орта мектептің жеті сыныбы енген оқытудың толық курсын қарастырады. Конвенцияның 5-бабына сәйкес, өтілген сыныптар, соның ішінде анықтамалар мен дипломдар ЕО мүше елдерінің барлығымен баламалы кестесіне сәйкес танылады. Оқытудың толық циклы аяқталысымен, оқушылар «Еуропалық Бакалавриат» аттестатын алады, оларға бұл құжат ЕО мүше елдерінің аумағындағы кез-келген университетке осы елдегі орта білімді аяқтау туралы эквивалентті құжатына ие азаматтармен қатар шарттарда оқуға түсуге құқық береді [3].

Еуропалық мектептердің мақсаты ретінде көптілдік пен көпмәдениеттік оқыту шығады. Оқыту ЕО-ның ресми тілдерінде жүргізіледі: егер оқушылардың ана тілі ресми тілдер қатарына қосылмаған жағдайында, оқытудың бірінші тілін (*L1*) таңдауда ата-аналар әдеттегідей Қоғамдастықтағы өздерінің мүше елінің ресми тілі пайдасына қарай шешім қабылдайды. Еуропалық мектептердің бағдарламасы кем дегенде екі тілде, атап айтқанда оқушылардың ана тілінде және ағылшын, француз немесе неміс тілі секілді Еуропалық мектептердің үш жұмыс тілінің бірінде функционалдық шеберлікті және сауаттылықты меңгерудегі жоғары деңгейге қол жеткізуді көздейді. Оқытуға деген көптілді көзқарас ана тілінің біріншілігі (*L1*) және аддитивтік және теңестірілген көптілдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тілдік және пәндік оқытудың сапасы мектептің ана тіліне оқыту жағдайын есептемегенде, бірдей бағдарламалары мен оқу жоспарлары бар тілдік бөлімдерге бөлінуімен қамтамасыз етіледі [4].

Тілдік бөлімдердің (немесе секциялардың) саны білім алушылардың контингентімен анықталады. Едәуір ірі мектептерде, мысалы Брюссельдегі және Люксембургтегі мектептерде, тілдік бөлімдердің саны оннан асуы мүмкін. Әр тілдік бөліміндегі оқыту нақты тіл иелерімен орындалады. Бірінші шет тілін меңгеру *L2* (ағылшын, француз немесе неміс) бастауыш мектептің бірінші сыныбынан бастап оқытудың тұтас кезеңінде міндетті. Орта мектептің үшінші сыныптан бастап тарих пен географияны меңгеру оқушылардың таңдаған бірінші шет тілінде жүргізіледі. Орта мектептің төртінші сыныбынан бастап бірінші шет тілі (*L2*) сонымен қатар қоғамдық ғылымдар циклының өзге пәндерін оқытуда қолданылады, атап айтқанда факультативтік негізде – экономиканы оқытуда. Екінші шет тілін (*L3*) меңгеру соңғы екі сыныптан басқа деңгейлерде орта мектептің екінші сыныбынан бастап міндетті. Екінші шет тілі ретінде оқушылар Еуроодақтың кез-келген тілін, оның осы мектепте оқытатын тілдердің тізімінде болуы шартымен таңдай алады, бұл қағидаға Ирландия мен Бельгияның оқушылары жатпайды – олар үшін өз елінің басқа ұлттық тілін меңгеру міндетті. Үшінші шет тілін меңгеру (*L4*) оқушыларға орта мектептің төртінші сыныбынан бастап факультативтік пән ретінде ұсынылады.

Еуропалық мектептер моделінің ерекше белгісі - бірінші шет тілін оқыту құралы ретіндегі қолданысына бара-бара ауысу. *L2* енгізудің алғашқы кезеңінде бірінші шет тілі осы мақсатпен тек бастауыш мектептің үшінші сыныбында пәндік академиялық емес циклындағы сабақтарда қолданылып, содан кейін оның оқу үрдісіндегі рөлі бірте-бірте өседі, бірақ оқытудың ешбір кезеңінде ол мектеп бағдарламасын оқытудың жалғыз құралы болмайды. Бірінші шет тілінде едәуір жоғары танымдық дағдыларды және абстрактілі-қисынды ойды талап ететін академиялық пәндерді меңгеру тек орта мектептен басталады, бұл жағдай оқушыларға ана тілін де (*L1*) , бірінші шет тілін де (*L2*) академиялық қолданысында теңестірілген қостілділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Шет тілін меңгерудің жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін Еуромектептерде оқу үрдісіндегі шет тілдердің үлесі бастауыш мектептің екі алғашқы сыныбында 10% өсіп, орта мектептің соңғы екі сыныбында 60% дейін өседі.

Бастауыш білімнен орта білімге ауысқанда, бірінші шет тілінің оқыту құралы ретіндегі рөлі айтарлықтай өседі. Осылайша, орта мектептің алғашқы екі жылында *L2* мектеп бағдарламасындағы пәндерді оқыту құралы ретіндегі қолдану үлесі 30% құраса, орта мектепте оқытудың соңғы төрт жылында бұл үлес сынып уақытының 35% астам үлесіне дейін өседі.

Еуропалық мектептерде тілдердің грамматикалық құрылымын меңгеруге көп көңіл бөлінеді. Шет тілдерді пән ретінде меңгеру орта мектепті бітіргенге дейін жүреді. *L1* оқытудың соңғы төрт жылында осы мақсатпен оқу жоспарының 10%, ал *L2* - 7-8% бөлінеді. Бірінші шет тілінде білім алушылардың тілдік дамуының біртекті болмауын және бастауыш деңгейлерінің әр түрлі болуын ескеріп, тілдік қолдау көрсетудің бірнеше түрі қарастырылған: соның ішінде *L2* меңгреуінде деңгейі жеткіліксіз оқушыларды орта деңгейге дейін тарту, бұл шаралар *L2* пән ретінде зерттеудің стандартты сыныптарының орнына ұсынылады және сыныптан тыс уақытта репетитормен (жаттықтырушымен) қосымша сабақтар.

Бір уақытта Еуропаның түрлі елдерінің балаларын Еуропалық мектептерде көптілді оқытудың тәжірибесі, сонымен қатар, түрлі тілдес балалардың сынып бөлмесі жағдайында да, сыныптан тыс уақытта, оқу үрдісінен бос уақытта да жүйелі түрде тілдік қатынасқа түсу қажеттігін көрсетті. Тілдік пәндер түрлі ұлттар балаларынан құрылған аралас топтарда тіл иелерімен жүргізіледі. Орта мектептердегі музыка, өнер және дене мәдениеті бойынша сабақтар үнемі түрлі тілдік секциялардың оқушыларынан құрылған топтарда өтеді. Бірінші шет тілін меңгеруге және көптілді ортада қатынас құрудың табысты дағдыларын шыңдауға бастауыш мектепте күнделікті өтетін «Еуропалық сағаттар» деп аталатын іс-шаралары айтарлықтай дәрежеде ықпалын тигізуде. «Еуропалық сағаттар» барысында түрі тілдік секциялардың оқушылары бірлесе отырып мәдени және көркемдік қызметке және ойын іс-шараларына қатысады. Балалардың оқытушылармен және өзара қатынасы нақты мектепте халықаралық қатынас құралы болып табылатын Еуропалық мектептердің үш негізгі тілінің бірінде жүреді (*vehicular languages*).

Оқушылардың тілдік қатынасуын жақсартумен байланысы практикалық мақсаттардан өзге «Еуропалық сағаттар» мектеп оқушыларының бойында

еуропалық қоғамдастық және жалпы еуропалық мәдениетке қатыстығы, «еуропалық сәйкестігі» сезімдерін ұғынуды көздейді. Еуропалық мектептерде, бірақ, «әлеуметтік инженерия» көптілді ортаны құрудың ұтымды амалы болып, шет тілін меңгеру сапасын арттыруға әсерін тигізеді [5].

Оқушыларды оқыту сапасы айтарлықтай дережесінде мұғалімдердің өздерінің дайындық сапасымен және оқытушылар құрамын іріктеумен анықталады. Еуропалық мектептердің барлық мұғалімдері білім берудің ұлттық жүйелеріне сәйкес тағайындалып, оқыту құралы ретінде қолданылатын тілдің иесі болып табылады. Мұғалімдердің басым саны тіл иесі еместердің көптілді топтарындағы жұмысқа көптілді білім бағдарламасы бойынша арнайы дайындықтан өтпеген, сондықтан еуропалық мектептерде мұғалімдерді сәйкес біліктілікті меңгерту үшін іштен оқыту жүйесі қолданылады. Барлық оқытушылар қостілді болып, кем дегенде еуропалық мектептердің үш жұмыс тілінің бірін қолдануы тиіс. Сонымен бірге Еуропалық мектептердің барлық мұғалімдері Еуропалық мектеп моделінің философиясын түсінуі, яғни көптілділікті және плюримәдениеттілікті білім берудегі қалаулы және қол жетімді мақсаттар ретінде мойындауы тиіс.

Еуропалық мектептерде қолданылатын оқулықтар мен оқу материалдары бірінші шет тілін тіл иесі деңгейінде оқытуға бірте-бірте ауысуды қарастырады. Оқыту құралы ретіндегі бірінші шет тілі бойынша оқу материалдары оқушылардың орта мектептегі жоғары сыныптарына жетуінде негізінде аутентикалық, нақты тілдің біртілді иесіне арналған болады.

L2 пән ретінде меңгергенде, әдеттегідей, Еуропалық мектептердегі білімнің алғашқы кезеңінде оқытушының рөлі оқушылардың бай лексикалық-грамматикалық тілдік материалмен жүйелі жұмысын қамтамасыз етіп, келесіде шынайы өмірге еліктейтін жағдайларда практикалық тұрғысында шыңдаумен қатар жүретін коммуникативтік әдістер басым болады. Бұл кездегі стратегиялар жобалар бойынша жұмыстарды, ойындарды ұйымдастыруды, театрлық қойылымдарды жасауды, бейнефильмдерді түсіруді, әндерді жаттауды, сонымен қатар қысқа сапарларды және меңгеріп отырған тілдің еліне едәуір ұзақтау (бір аптаға дейін) бір-екі сапарды ұйымдастыруды құрайы [6]. Бастауыш мектептің алғашқы үш сыныбында оқыту барысында грамматикалық терминология мен формальды грамматикалық теория мүлдем дерлік қолданылмайды. *L2* жүйелі түрде талдамалық зерделеу, соның ішінде грамматика да, орта мектептен басталады, онда бірінші шет тілі оқу бағдарламасына оқыту құралы ретінде енеді, бұл конспектілеу, дискурстың негізгі сәттерін сомалау және ғылыми жобаларды сипаттау дағдыларын дамытуды мақсатты дамытуды талап етеді.

Еуропалық мектептердегі бірінші шет тіліне оқытудың нәтижелерін бағалау жүйесі орта мектептің төртінші сыныбынан бастап, формальды тестілеуді қарастырады. Орта мектепті аяқтаған соң, оқушылар бірінші шет тілі бойынша (*L2*) мектепте білім алған барлық пәндерінен ауызша және жазбаша емтихандардың сериясынан өтеді (*L2* оқыту пәні ретінде, география, тарих, экономика, әлеуметтану, дін, өнер, бірқатар факультативтік ғылыми курстар). «Еуропалық бакалавриатқа» бітіруші емтихандарды өткізу деңгейі біртілді тіл

иелерін тестілеу кезіндегі ұлттық білім беру жүйелерінде қабылданған стандарттарына сәйкес болады (мысалы, француз лицейлерінде неміс гимназияларындағыдай).

Бастауыш мектепте және оытудың алғашқы үш жылында бірінші шет тіліне оқыту нәтижелерін бағалау үшін формальді тестілеуді өткізбей ағымды формальді емес бақылау қолданылады.

Еуропалық мектептердегі көптілді білім беру тәжірибесі еуропалық ғалымдардың айтарлықтай назарын 1990 жылдардан бастап тартуда.

Еуропалық мектептер моделін еуропалық елдердегі ұлттық білім беру жүйелеріне тасымалдаудың тиімсіздігіне қарамастан, Брюссель университетіндегі көптілділіктің зерттеушісі Алекс Хоузен жазып отырғанындай, Еуропалық мектептердің тәжірибесіндегі көп зат бұқаралық мектеп білімінде қолданысын таба алады. Хоузен Еуропалық мектеп моделінің көптілдік құзыреттілікке қол жеткізудегі тиімділігін анықтайтын Еуропалық мектептердің төрт маңызды факторын ажыратады, оларды өзге қос және көптілді оқыту бағдарламаларын әзірлеуде және ұтымды көптілді білім біреуді ұйымдастыруда ескеру керек:

1. Уақыт факторы (бірінші шет тіліне оқытуды бастау қажет болатын тиімді жасы; *L2* оқыту ұзақтығы және *L1 / L2* көлемдерін оқу үрдісіндегі арақатынасы).

2. Оқу үрдісіне *L2* пән ретіндегі және оқыту құралы ретіндегі интеграциясы.

3. Тәуелсіз, өз бетінше сөз өндірісінің қажеттілігі (бірінші шет тілінің қолданысында өнімді дағдыларды дамыту).

4. Грамматикалық және стилистикалық дағдыларды дамыту мақсатымен тұтас курсында *L2* пән ретінде формальді оқытудың қажеттілігі [12].

Бірінші шет тіліне оқытуды бастаудың ұтымды жас аралығы көптілді білімнің табысты өтуіне ықпалын тигізетін фактор ретінде тілдік білім аясындағы зерттеулердің назарына ЕО-ның ұлттық білім беру жүйелерінде теңестірілген және қос және көптілділікке қол жеткізуге қажеттілік пайда болғанға дейін әлдеқайда ертерек түскен. Нақты зерттеулердегі қарама-қайшылықтарға қарамастан, Еуропалық мектептердің көптілдік білім беру моделін құрғанда бірінші шет тіліне бастауыш мектептің бірінші сыныбынан ерте бастауға таңдау түскен болатын. Сонымен қатар Еуропалық модель бірінші шет тіліне ұзақ және үздіксіз, соның ішінде бастауыш және орта білімде оқытуға негізделген, бұл тұтастық элементін қамтамасыз етіп, оқыту курсы мен оқу жоспарларының үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Оған қоса, Еуропалық мектептердің тәжірибесі оқу жоспарындағы *L1* және *L2* ұтымды арақатынасын ана тіліне және мәдениетіне шығын түсірмей, бірінші шет тілін меңгрудің жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін қажеттілігін көрсетеді.

Оқу үрдісінде шет тілін пән ретінде оқытудың табысты интеграциясы және оның оқыту құралы ретіндегі қолданысының тиімділігі тек Еуропалық мектептермен ғана емсе, көптеген эксперименттердің нәтижесінде, соның ішінде канадалық ену әдісімен де дәлелденген [7].

Еуропалық мектептердегі тәжірибе көрсетіп отырғанындай, шет тіліне

табысты оқыту үшін нақты тілді кем дегенде бір пәнді оқытудағы құрал ретінде қолдану қажет. Оқытудың бастапқы кезеңінде *L2* дене мәдениеті, музыка, өнер сабақтарындағы қолданысы және керек десе, жаратылыстану сабақтарына енгізу мәнмәтінінде шартты және когнитивті-талапсыз тілдік материалмен жұмыс үшін мүмкіндіктерді тудырады. Орта мектептің деңгейінде абстрактілі-қисынды, когнитивті ой-өрісін талап ететін пәндерді оқыту да мүмкін болады.

L2 оқыту құралы ретіндегі қолданысы, «ену» тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, негізінде рецептивтік тілдік дағдылардың және біліктердің дамуына ықпалын тигізеді, бұл оқу үрдісінің дәстүрлі ұйымдастырылуымен түсіндіріледі, онда мұғалімге доминант рөлі беріледі де, оқушылардың сынып дискурсындағы белсенді қатысу мүмкіндіктері шектеулі. Еуропалық мектептерде бірінші шет тілін оқыту және қатынас құралы ретіндегі қолданысында оқушылардың өз бетінше, дербес сөз өндірісі сыныпта да, сыныптан тыс уақытта да еркін ұзақ тілдік өндіріске өз ықпалын тигізетін коммуникативтік-қаныққан тілдік ортаны қалыптастыру жолымен қарастырылады. Еуропалық мектептерінде бірінші шет тілінде тілдік дағдылардың дамуына, сонымен қатар, тілдік топтарды араластыру әсерін тигізеді, ол бірлескен оқу және сыныптан тыс қызмет жағдайларында *L2* халықаралық қатынас тілі ретіндегі кең қолданысына жетелейді.

Канадалық «ену» тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, бірінші шет тіліне пән ретінде оқытудың толық курсы бойында, соның ішінде орта мектептің жоғары сыныптарында формальді оқытусыз, *L2* оқыту құралы ретінде қолдану тіл иелерімен салыстырғанда, меңгеріліп отырған тілдегі жетік мінсіздікке кепілдік бере алмайды.

Еуропалық мектептердің бағдарламасы оқушылардың *L2* бойынша грамматикалық және стилистикалық дағдыларын *L2* оқыту құралы ретіндегі сабақтарға қосымша үздіксіз жетілдіру қажеттілігін ескерумен түзілген.

Осылайша, Еуропалық мектептердің көптілді білім беруді ұйымдастырудағы тәжірибеі оқушылардың академиялық, тілдік және мәдени дамуына қойылатын қарама-қайшы талаптар келісіліп, теңестірілген көптілдікке қол жеткізу мақсаты қол жетімді болатынын көрсетіп отыр.

Еуропалық мектептер моделінің тілдік оқытуды ертеден бастау және пәндік-тілдік интеграциялап оқыту факторларын қолданатын басқа көптілдік білім беру модельдерімен салыстырғандағы табысты тәжірибесі Еуропалық мектептер моделінде сыныптан тыс жерде тілдік ортаны қалыптастыруымен, өнімді тілдік дағдыларды дамытуымен және тұтас курсында *L2* пән ретінде оқытуымен анықталады, бұл тілдік оқытудың сапасын үнемі жетілдіріп отыруға себебін тигізеді.

Сонымен, шетелдік мектептердегі және ЖОО-дағы оқыту тілдері мен меңгерілетін тілдерге әр жеке алынған ел үшін әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері алғышарт болады. Барлық ұлттық білім беру бағдарламалары (әсіресе еуропалық елдерде) өзінің контентін сақтау шартында дамуының жалпы тенденцияларына келеді, олардың ішінде жетекші рөлді білім беру бағдарламаларының үйлестірілуін (интернационалдандыруын) және еңбек нарығы сұраныстарына сәйкестікті қамтамасыз ету атқарады.

2 Республикадағы пилоттық мектептердегі көптілде оқытудың сапасына мониторинг жүргізу

Құралдың нақты тарауында республика мектептеріндегі көптілдік білімді іске асырудың сапасына ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен жүргізілген мониторингтің материалдары көрініс тапқан.

Мониторинг келесі тәртіппен ұйымдастырылды. Ғылыми зерттеулер орталығының қызметкерлерімен мониторингтің бастапқы нұсқасы түзілді, оның құрылымы мен технологиялық карталары республикамыздың бес өңірінен келген базалық мектептердің директорларымен және педагогтерімен талқыланды, олар: Астана қ., Ақмола, Алматы, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстары. Талқылау Академия қызметкерлерінің базалық мектептерден келген өкілдерімен тікелей кездесуі формасында өтті. Осы кездесулердің барысындағы мектептер директорларымен өткізілген сұхбаттасу мазмұны да нақты мониторингтің бөлігін құрады.

Орын алған талқылаудың нәтижелерімен мониторингтің технологиялық карталары өзгертулерге ұшырап, оларға толықтырулар енгізіліп, осыдан кейін оларды мемлекеттік және орыс тілдерінде толтыру үшін жолданды. Мониторингтің мақсаты әлдебір ұйымдастырушылық қорытындыларды түзуді көздемегендіктен, мектептерге алынған мәліметтер тек олардың орын алғанында, нақты көрсеткіштерді басшылыққа алумен ұсынылатыны түсіндірілді.

Бұл жағдайда мектептерге карталарды қажетті түсініктемелермен ілестіру құқығы берілген.

Жалпы, 2015 жылғы мониторингке ХХ білім беру ұйымы қатысқан (4-кесте).

4-кесте – 2015 ж. көптілді білім мониторингісіне қатысқан білім беру ұйымдары туралы мәліметтер

	Мектептердің атауы	**Оқыту тілі**	**Мектептің мекенжайы**
1	2	3	4
1	М. Ғабдуллин атындағы №3 орта мектеп-кешені	қазақ	Көкшетау қ. Капцевич көшесі, 66
2	Үш тілде оқытудың №21 орта мектеп-гимназиясы	қазақ	Ақтөбе қаласы, ағайынды Жұбановтар көш. 273Б
3	«Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытудың Әл-Фараби атындағы мамандандырылған гимназиясы» ММ	қазақ	Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ ауылы, Хабибуллин көш., №9
4	Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытудың Мұхтар Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейі	қазақ	Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Абылайхан көшесі 150
5	«Атырау облысының дарынды балаларға арналған интернатты мекемесі мен қазақ-түрік лицейі» ММ	қазақ	Атырау қ., Досмұхамбетов көш., №10

			4-кестенің жалғасы
1	2	3	4
6	«Шәкәрім атындағы облыстық мамандандырылған мектеп» КММ	қазақ	ШҚО, Семей қ.,А. Байтұрсынов көш.,38
7	«Ы. Алтынсарин атындағы№ 159 гимназия» КММ	қазақ	Алматы қ., ББ, Қабанбай батыр көш., 86
8	«Мамандандырылған қазақ-түрік мектеп-лицей-интернаты» КММ	қазақ	Алматы қ.,Ақсай көш.,3Б, 27-үй.
9	«М. Мақатаев атындағы № 140 мектеп-гимназиясы» ММ	қазақ	Алматы қ., Туркебаев көш., 233
10	«Ақтөбе облысының дарынды ер балаларға арналған мамандандырылған қазақ-түрік лицей-интернаты» КММ	қазақ	Ақтөбе қ., ағайынды Жұбановтар көш., 263а.
11	«Талдықорған ер балаларға арналған қазақ-түрік лицейі» ММ	қазақ	Талдықорған қ., 7 ш-а., 3-үй
12	«Үш тілде оқытудың дарынды балаларға арналған мамандандырылған №20 лицей» ММ	қазақ, орыс	Алматы обл., Талдықорған қ., Тәуелсіздік көш., 62 тел
13	Үш тілде оқытудың дарынды балаларға арналған № 30 мамандандырылған мектеп-гимназиясы	қазақ, орыс	Атырау қ., Авангард 4 ш-а.
14	«Астана қаласы Білім басқармасының дарынды ер балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты» ММ	қазақ	Астана қ., Сейфуллин көш., 59
15	«НұрОрда» қазақ-түрік лицей-кешені»	қазақ	Астана қ.,. 23-13 көш.,, 34 (Р.Қошқарбаев, 34)
16	№ 48 мектеп–интернат	қазақ	Астана қ., Жирентаев көш., 15/2
17	«Қарағанды қаласының дарынды ер балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты» ММ	қазақ	Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Октябрьский ауданы, Ақтөбе көш., 1.
18	«Дарынды ер балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты» ММ	қазақ	Павлодар қаласы, Ак.Ш.Шөкин көшесі, 146-үй
19	«НұрОрда» мектеп-интернаты	қазақ, орыс	Өскемен қ.,, Утепов көш., 22/1
20	Жамбыл облысы әкімшілігінің үш тілде оқытудың «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектебі»	қазақ	Тараз қ., Төле би көш., 22
21	Жамбыл облысы Білім басқармасының «Айша бибі атындағы дарынды қыз балаларға арналған қазақ-түрік мектеп-интернаты» ММ	қазақ	Тараз қ., Сыпатай көш., 31
22	Батыс Қазақстан әкімшілігі Білім басқармасының «С. Сейфуллин атындағы дарынды балаларға арналған № 11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернат кешені» КММ	қазақ	Орал қ., Мұхит көш., 37 үй

			4-кестенің жалғасы
1	2	3	4
23	Батыс Қазақстан әкімшілігі Білім басқармасының «Батыс Қазақстан дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған қазақ-түрік мектеп-лицей-интернаты» КММ	қазақ	Орал қ., Деркул д., Жасдәурен балалар кешені, 3
24	Дарынды балаларға арналған облыстық № 9 қазақ-түрік лицей-интернаты	қазақ	Қызылорда қ., Сұлтан Бейбарыс көш., №10
25	Қызылорда облысы білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған № 10 облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты» КММ	қазақ	Қызылорда қ., Сұлтан Бейбарыс көш, № 10
26	«Мамандандырылған экономикалық лицей» ММ	қазақ	Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 15ш-а, 31 ғимарат
27	«Маңғыстау облысының дарынды балаларға арналған мамандандырылған қазақ-түрік мектеп-лицей-интернаты»	қазақ	Ақтау қ., 30 ш-а , 180 ғимарат
28	М.Тасова атындағы үш тілде оқытудың №12 мамандандырылған мектеп-интернаты	қазақ	Оңтүстік қазақстан облысы, Шымкент қ., Курнаков көш., №6
29	«Оңтүстік Қазақстан облыстық үш тілде оқытудың дарынды балаларға арналған мамандандырылған №1 мектеп-интернаты»	қазақ	Шымкент қ.
30	«Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған ЛОРД мектеп-лицейі» КММ	орыс	Петропавл қ., .Алматы көш., 4
31	«Дарынды балаларға арналған № 3 гимназия»	орыс	Павлодар қ., Короленко көш., 19-үй
32	«Мамандандырылған экономикалық лицей» ММ	орыс	Маңғыстау обл., Ақтау қ., 15 ш-а, 31-ғимарат
33	Қостанай облысы әкімшілігі Білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған «Озат» мектеп-интернаты» КММ	орыс	Қостанай қ., Маяковский көш., 112
34	Облыстық мамандандырылған № 8 мектеп	орыс	Орал қ., Жезқазған көш., 1
35	«Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытудың мамандандырылған мектебі» КММ	орыс	Тараз қ., Төле би даңғылы, 22
36	«№8 мектеп-лицей» КММ	орыс	Алматы қ., Алмалы ауданы, Шарипов көш.,105
37	ШҚО білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған дамыта оқытудың «Шығыс» ғылыми-зерттеушілік мамандандырылған орталық-мектеп-кешені» КММ	орыс	Өскемен қ., Революционная 2/1
38	Коммерциялық емес *Haileybury Astana School* АҚ	ағылшын тілі	Астана қ.,.43-а көш, 4-үй
39	Коммерциялық емес *Haileybury Almaty School* АҚ	ағылшын тілі	Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы 112

Педагогикалық зерттеулер жиі жағдайда іріктелген сипатта жүреді, онда анағұрлым маңызды негіз ретінде алынған нәтижелерді және қорытындыларды бас жиынтыққа тұтасымен тарату мүмкіндігі шығады. Бұл жағдайда оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін және сенімділігін қамтамасыз ету үшін, іріктеуді репрезентативтілігі туралы мәселені дұрыс шешіп алу қажет. Зерттеушілер, әдеттегідей, келесі қағидатты басшылыққа алады: зерттеліп отырған объект статистикалық бейнелеуге жататын өзінің белгілері бойынша неғұрлым біртекті болса, соғұрлым іріктеу де кем шығуы мүмкін. Егер іріктеу кездейсоқтық қағидатымен қалыптасса, онда ол әдетте 10%-дан аспайды. Кейде ол асыра бағалануы мүмкін, егер бұл жағдай зерттеу шарттарында көзделсе.

Бір ғалымдар объектіні 50 адам құраса, онда тегіс сауалнама өткізу қажет, егер олардың саны осы саннан астам болса, онда іріктеу әдісін қолдануға болды деп есептейді. Басқалары объектіде 500 адам және одан астам болса, тек сонда ғана іріктеу әдісін қолдану қажет деген пікірде. 5 мыңнан кем адамның бас жиынтығы үшін, 500 адамнан кем болмайтын іріктеу жеткілікті, 5 адам және одан артығы үшін бас жиынтық үшін оның құрамының 10%, бірақ 2-2,5 мың адамнан кем болмайтын санымен алу қажет. Сынамалы сауалнаманы зерттеу ауқымында өткізу үшін 100-250 адам көлеміндегі іріктеу жеткілікті.

2014 жылғы мониторингпен салыстырғанда, зерттеліп отырған білім беру ұйымдарының құрамына пилоттық мектептерден өзге Қазақстанда қызмет ететін халықаралық мектептер де алынған (қазақ-түрік лицейлері, коммерциялық емес *Haileybury* АҚ).

Бұл жағдайда іріктеу – 63% құрап, мейлінше репрезентативті танылған, себебі іріктеулерді анықтауға қойылатын негізгі талаптар мен келесі шарттар сақталған:

1) бас жиынтық мүшесінің іріктеуге түсуіндегі тең құқықтары;

2) іріктеуді зерттеліп отырған сипатына тәуелсіз өткізу қажет (кері жағдайда, іріктеуге, мысалы, тек спортшылар ғана түсіуі мүмкін);

3) мүмкіндігінше іріктеу біртекті жиынтықтан орындалуы қажет;

4) іріктеу шамасы жеткілікті дәрежеде үлкен болуы керек.

2.1 Жалпы ережелер

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен әзірленген және өткізілген көптілділік білім мониторингісінің негізіне педагогикалық мониторингтің теориясындағы және практикасындағы негізгі ережелер алынған. Осылайша, педагогикада мониторинг ұғымымен келесіні білдіреді:

– оқу үрдісін үздіксіз, ұзақ уақыт бойында бақылау және оны басқару;

– оқу мен тәрбиелеу жағдайын ұзақ уақыт бойында бақылау және осы үрдістерді қатысушыларды дер кезінде қолайсыз, сындарлы немесе жол беруге болмайтын жағдайлардың туындау мүмкіндігі туралы хабарландыру жолымен басқару [9];

– педагогикалық жүйелердің қызметі туралы кез-келген ақпаратты өңдеу, сақтау, беру жүйесін;

– педагогикалық қызмет нәтижелерін қдағалау;

– оның қалаулы нәтижеге немесе бастапқы болжамдарға сәйкестігін анықтау мақсатымен білімдегі қайсыбір үрдісті ұдайы бақылау;

– оқу мен тәрбиелеудің тиімділігін үздіксіз қадағалаудың және мектеп қызметін реттейтін және түзетіп отыратын басқарушылық шешімдерді қабылдаудың диагностикалық негізделген жүйесі [10];

– оқушылар қызметінің нәтижелерін психологиялық-педагогикалық қадағалау және педагогтердің қызметін сүйемелдеудің ғылыми-әдістемелік жүйесін.

Соңғы берілген анықтама, біздің байқауымызша, педагогикалық мониторинг ерекшелігін анағұрлым дәл анықтайды, себебі педагогикалық қызметте екі желі өзгеріссіз орын алады: оқу қызметі (оқушылардың) және оқыту қызметі (педагогтердің). Осы екі бірі-біріне ұмтылған ағынның соншалықты өзара шартталғаны, біреуі екіншісі болмаса, еш жағдайда мүмкін көрінбейді.

Жоғарыда келтірілген анықтамаларда педагогикалық мониторингті педагогикалық жүйелерді, педагогикалық үрдістерді, педагогикалық қызметті басқару үрдісімен байланысы туралы ой сарыны бар. Сондықтан оны әдіс ретінде де, педагогикалық басқару (менеджмент) құралы ретінде де қарастыруды мейлінше мүмкін деп санаймыз. Бұл дегеніміз, педагогикалық мониторингтің басқарудың келесі технологиялық ресімдері көмегімен іске асырылатынын білдіреді, олар: бастапқы деректерді жинау (БДЖ); ақпарат ағынын өңдеу (ААӨ); шешімдер нұсқаларын әзірлеу (ШНӘ); шешімдер нұсқаларын келістіру (ШНК); басқарушылық шешімдерді қабылдау (БШҚ); шешімдерді орындауына дейін жеткізу (ШОЖ); қабылданған шешімді бағалау (ҚШБ).

Осы мәселені зерттеушілердің мониторингтің қасиеттері ішінен атап өтетіндері: толықтығы, релеванттылығы (орындылығы); сәйкестігі, объективтілігі, дәлдігі, дер кезінде орындалуы, қол жетімділігі, үздіксіздігі, құрылымға бөліну және мониторингтің әрбір деңгейі үшін тән бойы, сонымен қатар оның негізгі әдістері қатарында атайтындары: қайсыбір жүйенің даму жағдайын бақылау, бағалау және болжамдау. Біз бұл қатарға мониторинг жүйесінде кездейсоқтық емес және объективті ақпаратты тіркеуге және ескеруге мүмкіндік беретін әдістердің де тобын қосамыз. Атап айтқанда, осы әдістердің тобына тәуелсіз ситаттамалардың әдісі, субъективті пікірлерді объективтендіру әдісі жатады. Мысалы, мектептерде, бұл әдістер мониторинг деректері негізінде басқарушылық шешімдер талқыланып, келсілілетін және алқалы түрде қабылданатыны психологиялық-педагогикалық консилиумдарды өткізуде негізгі болып табылады.

Педагогикалық мониторинг өзі білім беру қызметін бағалауды қалыптастыруға арналған құралдар болып шығады. Білім беру жүйесін бірнеше айқындаманы басшылыққа алумен бағалауға болады:

– үрдісті бағалау;

– нәтижені бағалау;

– нәтиженің бастапқыда белгіленген мақсатқа сәйкестігін бағалау;

– жүйенің бастапқы және ақырғы жағдай арақатынасын бағалау.

Педагогикалық мониторинг туралы анағұрлым толық түсінікті педагогикалық әдебиетте бар жіктемелерді зерделеумен алуға болады. Осылайша, мониторингтің келесі түрлерін ажырататыны анықталды:

– *мақсаттардың ауқымы бойынша* – стратегиялық, тактикалық, оперативтік мониторинг;

– *оқыту кезеңдері бойынша*– кіріс немесе іріктеу, оқу немесе аралық, шығыс немесе қорытынды;

– *уақытша тәуелділік бойынша* – ретроспективтік, алдын алу немесе озық, ағымдағы;

– *ресімдердің жиілігі бойынша* – реттік, мерзімдік, жүйелі;

– *бақылау объектісін қамту бойынша* – шоғырланған, іріктелген, тегіс;

– *ұйымдастырушылық формалары бойынша* – жеке, топтық, жаппай;

– *объектілі-субъектілі қатынастар бойынша* – сыртқы немесе әлеуметтік, өзара бақылау, өз бетінше талдау;

– *қолданылған құралдар бойынша* – стандартталған, стандартталмаған, матрицалық және т.б.

Д. Вилмс, мониторингтің мәнділін сипаттамалары оның өткізіліп отырған жүйесімен анықталатынын көрсетіп, мониторингтің келесі түрлерін ажыратады:

1. Басқаруды келістіру мониторингі. Бұл жүйе мұғалімнің және мектиепті қаржыландырудың мәнділігін ерекше атап, білімнің орын алып келген қамтамасыздығы бірқатар стандарттарға сәйкес келетінін дәлелдеуге тырысады. Егер мектеп оларға сәйкес келсе, онда оның қызметі стандарттарға сәйкес келмейтін мектептерге қатысты сәйкес танылады, оны түзету жоспарынан бастап жабуға дейінгі кесімдер қолданылады.

2. Диагностикалық мониторинг. Оның мақсаты – оқушылардың академиялық дағдыларының әлсіз және күшті жақтарын олардың жеке тұлғасын тәуелсіз анықтау. Оның жүйелері «кіріс-шығыс» моделінің «кіріс» құрамдасын ажыратады.

3. Қызмет мониторингі. Ол «кірістегі» де, «шығысындағы» да өлшемдерді енгізеді.

Мониторингтің түзілу қағидасына қарай зерттеушілер келесілерді ажыратады:

1) «мақсат – нәтиже» мониторингінің моделі (А.Н. Майоров, О.Е. Лебедев);

2) «кіріс – шығыс» мониторингінің моделі.

Бірінші модель білім беру жүйесінің жұмысы туралы пікірді онымен белгіленген мақсаттарды және алынған нәтижелерді салыстырумен қалыптастыруға болады. Ондай нәтижеге қол жеткізу үшін, бірмәнді себепті-салдар байланыстары мен нақты каузалдық қорытынды мүмкіндігі орын алатын қатаң детерминатталған жүйе болуы тиіс. Білім беру жүйелері ондайларға жатпайды. Дәл осы себеппен осы модельдің қолданысы білім беру жүйесін

бағалау үшін біршама сәтті ой емес, бірақ ол жеке жағдайлар үшін қолданымды.

«Кіріс-шығыс» мониторингісінің моделін тағы «қара жәшік» моделі деп те атайды (Р. Шейвелсон). Бұл модель білім беру жүйесінің сытқы және ішкі байланыстарын зерделеуге негізделген. Ол ақпараттық-диагностикалық қызметтердің басым көпшілігінде қолданылады. Ол педагогикалық жүйелерде «кірістерге» және «шығыстағы» көрсеткіштердің қаншалықты қамтамсыз етілгеніне қарап, соншалықты қолданымды. Осы мониторинге сәйкес, үрдіс бақылауға алынбайды. Бірақ, ол кезде қайсыбір пән бойынша оқытылудың оң динамикасы туралы дерлік ақпарат қаншалықты кепілді болады? «Сандармен» оларға қол жеткізу әдістері мен құралдары туралы пікір түзу мүмкін бола бермейді. Бұл білім алушының жеке күштерінің шығынсыз дамуы жағдайында да, қарапайым жаттату шартымен де орындалуы мүмкін, ал кейде психикалық күш салумен де мүмкін. Сондықтан тек оқытылу нәтижелерін ғана емес, білім алушылардың тәрбиеленуіне де, психикалық және дене дамуына да кешенді диагностика жасау қажет.

Отандық педагогикадағы мониторинг ұғымы шетелдік білім беру жүйесінен еркеше, ондықтан мысалы, АҚШ және Канаданың білім беру мекемелерінің мониторинг моделін көрстетін материал қызықты болады:

1. Нормаларға сәйкестігін қадағалау әдісі.

2. Шығуды қадағалау моделі. Бұл модельдің нақ міндеттері нәтижелерге бағытталған, мектептік модельдерге назар бөлуі елесуіз. Бұл үлгінің мақсаты – оқушы сипаттамаларына тәуелсіз қол жеткізілген нәтижелердің әлсіз және күшті жақтарын анықтау.

3. Жетістіктерді қадағалау моделі. Бұл модель жеке мектептерді және мектептердің жеке топтарын аудандар бойынша, олардың қызметіндегі нәтижелерге сәйкес салыстыру. Салыстырудың осындай түрі, оның авторларының пікірінше, бәсекелестікті белсендендіреді. Бірақ мектептердің нәтижелерін оларға тән ерекшеліктерін ескермей салыстыру дұрыс болмайтындықтан, жағдайлары бірдей білім беру мекемелерін салыстыру керек.

4. Оқыту үрдісі туралы деректерді пайдаланатын модель. Алдыңғы үш моделінде мектептер «қара жәшік» ретінде, ондағы үрдістер ескерусіз қарастырылған. Нақты модель 80-жылдары «бес фактордың» моделі ретінде әзірленген болатын:

– мықты әкімшілік басшылық;

– жақсы ішкі ахуал;

– базалық академиялық дағдыларға бағдарлану;

– педагогтер тарапынан оқушылардан едәуір жоғары нәтижелердің күтілуі;

– оқушылардың жетістіктерін қадағалау жүйесі.

Нақты модельдің негізделгеніне және пәрмендiлігіне қарамастан, осы бес фактордың анағұрлым мәнділігіне дәлелдер жоқ.

5. «Қол жеткізілгеннен» алынатын модель. Оның негізіне оқушылардың

қарқынындағы өзгерістер білім беру ұйымының жұмыс сапасын жеткілікті дәрежеде сай сипаттай алатыны туралы ереже алынған. Бірақ, бұл модельді жүзеге асыру түрлі жас кезеңдеріне балама тестілерді құруда технологиялық қиындықтарға кезікті.

6. Мектептегі жетістіктердегі өзгерістерді өлшеу моделі. Бұл осы күні анағұрлым сапалы модель. Бір мектептегі жетістіктер жылдан жылға өзгеруі мүмкін. Бұл өзгерістер әлеуметтік-экономикалық факторлармен, кездейсоқ ауытқулармен анықталуы мүмкін. Сондықтан мектептің моделін құру үшін үлес, үрдіс және нәтиже факторларын ескеру қажет. Одан өзге, осындай көзқарас мектептің өзінің бастамасымен іске асырған өзгерістердің әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Мониторингтің осы моделі гуманистік педагогиканың талаптарына мейлінше жауап береді деп ойлаймыз, онда адамды оған ұқсас өзгемен емес, оның өсім еселігіндегі өзгерістерді өлшеп, өзімен өзін салыстырады.

Мониторинг жүйелерінің басқа да жіктемесі бар, оған сәйкес келесі топтар ажыратылады:

1. Ақпараттық мониторинг. Ол ақпаратты жинақтаумен және оның құрылымдаумен байланысты. Бұл қатарға білім басқармаларының заңнамалық базаларын, БАҚ-тың білім туралы мониторингісін және т.б.жатқызуға болады.

2. СИТО – Білім саласындағы жетістіктерді бағалау жөніндегі Голландияның Ұлттық институтымен әзірленген білім алушылар білімінің дамуына мониторинг жүргізу жүйесі, ол жалпы мағынасында білім алушылардың «білімдер мониторингісінің жүйелерін» оқушылар білімін ұзақ мерзімді бағалауды іске асыруға мүмкіндік беретін құралдардың жиынтығы ретінде анықтайды. Мониторингтің нақты жүйесі негізінде бастауыш білім үшін әзірленіп, өз құрамына келесілерді енгізген:

– бастауыш білімнің сегіз жылын қамтитын ұзақ мерзімді оқу желілерінің индикациясы;

– тестілі құралдардың жинағы;

– үрдістерді бағалау үшін стандарттардың индикациясы.

Біз оқыту тиімділігінің мониторингісіне мұқият тоқталуға шешім қабылдадық, оның мазмұнын әзірлеу негізіне М.М. Поташниктің, В.П. Панасюктің, В.А. Кальнейдің, С.Е. Шишовтің педагогикалық мониторинг аясындағы зерттеулері алынған (13, 14-кестелер) [11-18].)

Қазіргі уақытта білім беру ұйымдары деңгейіндегі мониторинг жүйелері кең таралуда. Оларға жататындары:

1. «Жалпы білім беретін мекемелер жағдайындағы мониторинг» (А.Б. Вилохин, НГПИ, Нижний Тагил).

2. «Мектептің бастауыш және орта буын сыныптарындағы оқу-тәрбиелік үрдістің тстілік мониторингі» (А.П. Исаева, Г.Д. Сигеева, Екатеринбург).

3. «Оқу үрдісінің нәтижелілігіне жүргізілетін мониторинг» (Н. Вербицкая және В. Бордяков).

«Виртуалды мониторинг» (Л.А. Башарин). Оқушылардың білімдерін біріздендіруге және білім беру үрдісінің бірыңғай ақпараттық базасын құруға

мүмкіндік береді. Бұл жүйе оқыту үрдісінің объекті ретінде де, оқушылар ұжымының тұтасымен де білімдерін бағалаудың ретингін қалыптастыруға арналған. Виртуалды мониторинг оқушылармен тапсырмалардың деңгейлі тапсырмаларды еркін таңдауына мүмкіндк беріп, келесілерді анықтауға мүмкіндік береді:

– оқу үрдісінің ағымды нәтижелерін және оларды түзету мүмкіндігін;

– педагогикалық кадрлардың шынайы біліктілік деңгейін.

А.Н. Майоров бойынша мониторинг түрлерінің модификациялық жіктемесі келесідей бейне табады:

– динамикалық (оқыту тиімділігін айқындау үшін негіз ретінде оқушылардың оқу жетістіктерінің даму динамикасы туралы деректер сараптауға жатады);

– бәсекелестік (басқа білім беру жүйелерінің ұқсас зерттеулерінің деректері);

– кешенді көпфакторлы (сараптауға оқытудың көптеген қырлары жатады: үлгерім нәтижелері, рангтерге бөлінген үлгерім және т.б.);

– ақпараттық-технологиялық (ақпараттық технологияларды қолданумен ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тарату);

– базалық (бақылаудағы объектіге тұрақты қадағалау орнатылады);

– әмбебап (түрлі білімділік жүйелерде тиімді пайдалану көзқарасынан).

Осылайша, білімдегі негізгі мониторинг жүйелері үлесті, үрдісті және нәтижені ескеруі тиіс. Тек үрдісті немесе тек сапаны зерделеуді көздейтін және «мақсат-нәтиже» арақатынасын зерттеу негізінде құрылған модельдер қате қорытындыларға жетелеуі мүмкін.

Көптілділік білімнің педагогикалық мониторингін оның өз бетінше бір «құрылғы» ретіндегі индикаторларын әзірлеуден бастадық, ол бақылау объектісінің жағдайын немесе қайсыбір үрдістің жағдайын қадағалап отыруы тиіс [19]. Оған қоса, біз көптілдік білімнің педагогикалық индикаторлары болжамдап отырған нәтижелерімен сәйкестігінде әзірленуі тиіс деп ой түйеміз. Осындай нәтиже ретінде көптілділік білім шығады.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, біз мониторингтің құрылымы мен технологиялық карталарын әзірледік.

2.2 Мониторингтің құрылымы мен технологиялық карталары

Нақты мониторинг педагогикалық мониторинг туралы ережелерден өзге, көптілдік білімнің өзіне тән ерекшелігін ескерумен құрылған, оны тұтас алғанда бірнеше тілді қатар игеру деп ұғынамыз. Отандық білім беру жүйесінің жағдайында ол ана тілін, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін жаһандық экономикаға кіру мәнмәтінінде ғылыми ақпарат тілі ретінде меңгеруді көздейді.

Бұл жағдайда әдіснамалық бағдар ретінде тілдерді меңгертудің деңгейлік моделіне негізделген тілдің білімнің мәдениетаралық-коммуникативтік парадигмасы шығады, ол «Шет тілдерін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттіліктер: меңгеру, оқыту, бағалау» деген аталымымен белгілі (Common European Framework of Reference, CEFR)» - Еуропалық Одақта қолданылатын шет тілдерін деңгейлеп меңгерудің жүйесі. Нақты модельде білімділік бағдарламалар топтамасымен оқытылудың 6 деңгейі бар, олар сертификаттардың әр деңгейіне сәйкес келеді.

Бұл деңгейлерді *A1, A2, B1, B2, C1, C2* литераларымен белгілейміз.

A1 –түсінік алу деңгейі
A2 – бастауыш алды деңгейі
B1 – бастауыш деңгейі
B2 – ілгері бастауыш деңгейі
C1 –кәсіби меңгеру дәрежесі
C2 – жетік меңгеру дәрежесі

A} – ШТ элементарлық меңгеру

B} – ШТ өз бетінше

C} – ШТ еркін меңгеру

Литераларды басқаша да түсіндіруге болады: *A1, A2* – «Ашу/Құру»; *B1* – «Бастапқысында»; *B2* – «Тәуелсіз»; *C1* – «Дербес»; *C2* – «Магистр». Бірақ олардың мәні бір: сөйлеу қызметінің сол бір түрлері (сөйлеу және тыңдау; оқу және жазу) қалыптасуының түрлі деңгейлеріне ие. Онда, педагогикалық мониторинг шет тілдеріне (ШТ) деңгейлеп оқытылудың моделіне сәйкес келуі тиіс.

Ұқсас стандарт осы күні Қазақстанда да мемлекеттік тілге деңгейлеп үздіксіз оқытуға қатысты түзілген (5-кесте).

5-кесте – қазақ тілін меңгеру деңгейлері

Деңгейлер
A_0 - қарапайым деңгей
A_1 - қарапайым деңгей
A_2 - негізгі деңгей
B_1 - орта деңгей
B_{1+} ортадан жоғары деңгей
B_2 - ортадан жоғары деңгей
B_{2+} жоғары деңгей C_1 - Жетік деңгей
B_{2+} жоғары деңгей C_1 - Жетік деңгей

2.2.1 Көптілдік білім монинторингісінің құрылымы

Жоғарыда айтылғанның барлығы құрылымын (6-кесте) және технологиялық карталарды (7-кесте) әзірлеу үшін негіз болды.

6-кесте – Көптілдік білім мониторингісінің құрылымы

Тараулардың №	**Тараулардың аталымы**
I тарау	Жалпы мәліметтер
II тарау	Нормативтік-құқықтық базасы
III тарау	Көптілдік білім мәселелері бойынша әріптестік қызмет
IV тарау	Оқушылар туралы мәліметтер
V тарау	Зерделеніп отырған пәндер
VI тарау	Кадрлық қамтамасыздық

7-кесте – Көптілдік білім мониторингісінің технологиялық карталары (технологиялық карталардың өздері –8-19-кестелерде көрсетілген)

Тараудың нөмірленуі	**Тараудың аталымы**	**ТК литері**
I. Жалпы мәліметтер	Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер	ТК I.1
	01.09.2014 жылға алынған контингент туралы жалпы мәліметтер (оқыту қазақ тілінде жүретін мектептер үшін)	ТК I.2(а)
	01.09.2014 жылға алынған контингент туралы жалпы мәліметтер (оқыту орыс тілінде жүретін мектептер үшін)	ТК I.2(б)
	Экспериментті қаржыландыру туралы жалпы мәліметтер	ТК I.3
II. Нормативтік-құқықтық базасы	Көптілдік білім бойынша нормативтік-құқықтық актілер (2007 жылдан бастап 01.09.2014 жылға дейінгі кезеңде)	ТК II.1
III. Көптілдік білім мәселелері бойынша серіктестік	Көптілдік білім мәселелері бойынша әріптестік және тәжірибе алмасу шеңберіндегі іс-шаралар	ТК III.1
IV. Оқушылар туралы мәліметтер	Тілдерді меңгеру деңгейлері	ТК IV.1.1
	Көптілді оқушылардың контингенті	ТК IV.1.2
V. Зерделеніп отырған пәндер туралы мәліметтер	Қазақ тілінде зерделеніп отырған пәндер (оқыту орыс тілінде жүретін мектептер үшін)	ТК V.1(а)
	Орыс тілінде зерделеніп отырған пәндер (оқыту қазақ тілінде жүретін мектептер үшін)	ТК V.1(б)
	Ағылшын тілінде зерделеніп отырған пәндер	ТК V.1(в)
VI. Кадрлық қамтамасыздық	Мұғалімдер туралы мәліметтер	ТК VI.1

2.2.2 Көптілдік білім мониторингісінің технологиялық картасы

I. Жалпы мәліметтер

8-кесте – ТК I.1 Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

Білім беру ұйымының аталымы (толық заңды аталымы)	2007 жылға дейін:
	2007 жылдан бастап:
	2015 жылдың 01 қыркүйегіне:
Білім беру ұйымының заңды мекен-жайы	
телефоны	
электрондық поштасының мекен-жайы	
Оқыту тілі	
Білім беру ұйымы директорының (басшысының) А.Ә.Т.	
Көптілді білімді енгізу үшін жауапты тұлғаның А.Ә.Т., лауазымы, оның байланыс деректемелері	

9-кесте – ТК I.2(а) 01.09.2014 жылға алынған контингент туралы жалпы мәліметтер (оқыту қазақ тілінде жүретін мектептер үшін)*

Оқушылардың жалпы контингенті	
1-сынып	
2-сынып	
3-сынып	
4-сынып	
5-сынып	
6-сынып	
7-сынып	
8-сынып	
9-сынып	
10-сынып	
11-сынып	
Мұғалімдердің жалпы саны	
Олардың ішінде қызметін біріктіретін мұғалімдердің саны	

10-кесте – ТК I.2(б) 01.09.2014 жылға алынған контингент туралы мәліметтер (оқыту орыс тілінде жүретін мектептер үшін)*

Оқушылардың жалпы контингенті	
1-сынып	
2-сынып	
3-сынып	
4-сынып	
5-сынып	
6-сынып	
7-сынып	
8-сынып	
9-сынып	
10-сынып	
11-сынып	
Мұғалімдердің жалпы саны	
Олардың ішінде қызметін біріктіретін мұғалімдердің саны	

**Оқыту тілдері аралас мектептер үшін екі ТК толтырылады*

11-кесте – ТК I.3 Көптілді білім беруді 2014/15 оқу жылында қаржыландыру туралы жалпы мәліметтер

Мектепті қаржыландырудың жалпы көлемінен алынған үлесі	
Қаржыландыру көзі	

II. Нормативтік-құқықтық базасы

12-кесте – ТК II.1 – Көптілдік білім бойынша нормативтік-құқықтық актілер (2007 жылдан бастап 01.01.2015 жылға алынған кезең)

Құжаттың мәртебесі	**Құжаттың аталымы**	**Кіріс деректері (күні, тіркеу №)**
ҚР Үкіметі		
ҚР БҒМ		
«Дарын» РҒПО		

ШҚМ		
Облыстық білім басқармасы		
Аудандық/қалалық білім басқармасы		
Білім беру ұйымы		

III. Көптілдік білім бойынша әріптестік

13-кесте – ТК III.1 Көптілдік мәселелері бойынша әріптестік және тәжірибе алмасу іс-шаралары *

№	«Дарын» РҒПО	ЖОО	Колледждер	Халықаралық мектептер	Басқасы (көрсету)

**Бірлесіп өткізген іс-шаралардың аталымын, мерзімін көрсету*

IV.Оқушылар туралы мәліметтер

14-кесте – ТК IV.1.1 – Тілдерді меңгеру деңгейлері *

		5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып
Қазақ тілін ана тілі емес ретінде	A1							
	A2							
	B1							
	B2							
	C1							
	C2							
Орыс тілін ана тілі емес ретінде	A1							
	A2							
	B1							
	B2							
	C1							

	C2							
Ағылшын тілін	A1							
	A2							
	B1							
	B2							
	C1							
	C2							

** ТК IV.1.1 тек мектеп нәтижелерді шет тілдік білімнің деңгейлік моделі (Common European Framework of Reference, CEFR) немесе ҚАЗТЕСТ, TOEFL, IELTS түріндегі модель) және т.б. бойынша қадағалап отырғанында ғана толтырылады*

15-кесте – ТК IV.1.2 – Көптілді оқушылардың контингенті*

Күнделікті тұрмыста жиі қолданады	1-сынып	2-сынып	3-сынып.	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып
Қазақ тілін											
Қазақ және орыс тідерін											
Қазақ және ағылшын тілдерін											
Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін											
Орыс тілін											
Орыс және ағылшын тілдерін											

** ТК IV.1.2 толтырылуы міндетті. Ол үшін арнайы мониторинг немесе қайсыбір қосымша зерттеуді жүргізу ұсынылмайды, жалпы бақылаулар немесе балалар мен мұғалімдер арасында ауызша сауалнаманың өткізілгені жеткілікті.*

V.Зерделеніп отырған пәндер туралы жалпы мәліметтер

16-кесте – ТК V.1(а) – Қазақ тілінде зерделеніп отырған пәндер (оқыту орыс тілінде жүретін мектептер үшін)

	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып
Аптасына оқу уақытының жалпы көлемі (оқу жоспары бойынша: инвариант+вариатив)											
Қазақ тілі											
Қазақстан тарихы											
……											
……											
……											
……											
Барлығы:											

17-кесте – ТК V.1(б) – Орыс тілінде зерделенетін пәндер (оқыту қазақ тілінде жүретін мектептер үшін)

	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып
Аптасына оқу уақытының жалпы көлемі (оқу жоспары бойынша: инвариант+вариатив)											
Қазақ тілі											
Қазақстан тарихы											
……											
……											
……											
……											
Барлығы:											

18-кесте – ТК V.1(в) – Ағылшын тілінде зерделенетін пәндер

	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып
Аптасына оқу уақытының жалпы көлемі (оқу жоспары бойынша: инвариант+вариатив)											
Қазақ тілі											
Қазақстан тарихы											
……											
……											
……											
……											
Барлығы:											

VI. Көптілдік білімнің кадрлық қамтамасыздығы

19-кесте – ТК VI.1 – Мұғалімдер туралы мәліметтер

	Санаттары бар			Білімі бар		о.і. педагогикалық білім	
	екінші	бірінші	жоғары	жоғары	орта арнаулы	жоғары	орта аранаулы
Қазақ тілінде сабақ беретін							
Орыс тілінде сабақ беретін							
Ағылшын тілінде сабақ беретін							
КБ бойынша БАК өткендер							
НЗМ сертификатына ие							
ҚАЗТЕСТ сертификатына ие							
IELTS сертификатына ие							

Толтырылған күні
Жетекшінің қолы

2.2.3 Мониторингтің технологиялық ресімдері

20-кесте – Көптілдік білім мониторингісінің технологиялық ресімдері

Ресімдер	**Жауаптылар**	**Ескертулер**
Технологиялық карталарды толтыру (бастапқы деректер)	Мектеп директоры	
Алғашқы ақпаратты түзу (парақтарын тігу және нөмірлеу)	Мектеп директоры	Қатаң түрде мониторинг бойынша
Бастапқы ақпаратты Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-ға тапсыру	Мектеп директоры	электрондық пошта бойынша *PDF* форматында сканерден өткен көшірмесін,
		Құжаттардың түпнұсқасын пошта арқылы немесе қолма-қол
Бастапқы ақпаратты сақтау Деректерді өңдеу Талдамалық баяндаманы жасау	Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның ғылыми зерттеулер орталығының директоры	Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-ға талап еткенге дейін, бірақ, үш жылдан асырмай, үш жыл өтісімен мұрағатқа тапсыру

3 Мониторинг нәтижелері

3.1 Республикадағы жалпы білім беретін мектептердегі көптілдік білім берудің нормативтік қамтамасыздығы

Көптілдік білім берудің нормативтік қамтамасыздығы «II. Нормативтік-құқықтық база» тарауындағы респонденттерден ұсынылған материалдардың негізінде талдауға алынған.

Респонденттерден алынған жауаптар құжаттардың мәртебесіне қарай үлестірілді (21, 22-кестелер).

21-кесте – Қазақстандағы көптілдік білім беру ісін реттейтін құжаттар (заңнамалық база)

Құжаттың мәртебесі	Құжаттың аталымы
ҚР Заңдары, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдаулары, ҚР Үкіметінің қаулылары	ҚР «Білім туралы» Заңы (2007 жылғы 27 шілдесіндегі № 319)
	Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауы (28.02.2007 ж.)
	Қазақстан Республикасы Президентінің «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы» Өкімі (1996 жылғы 24 мамыр, № 3002)
	Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Ресубликасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Өкімі (2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118)
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау ұйымдарын жетілдіру бойынша қосымша шаралар туралы» Қаулысы (1998 жылғы 24 наурызы)
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» Қаулысы (2012 жылғы 23 тамызындағы №1080)
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметі туралы Үлгілік ережелерді, соның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қаулысы (2013 жылғы 17 мамыр, №499)
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметінің Ережелерін бекіту туралы» Қаулысы (25.01.2008жылғы № 69)
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Haileybury Almaty» мектебіне халықаралық мәртебесін беру туралы» Қаулысы (31.12.2014 жылғы № 1411)

Респонденттер түгелімен дерлік 28-кестеде аталған тұтас білім беру жүйесінің дамуы үшін де және сөзсіз (тікелей болмай, жанама әсерін тигізсе де) көптілдік білім беруді дамыту үшін де стратегиялық мәні бар құжаттарды көрсетуде. Бұл Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерінен ерекше, көптілдік білім беруге тікелей қатынасы бары (22-кесте).

22-кесте – Қазақстан Республикасында көптілдік білім беруді реттейтін құжаттар (нормативтік-құқықтық актілер)

ҚР БҒМ-нің бұйрықтары	«2012-2013 жылдан бастап шет тілдерін ерте оқыту туралы» (28.06.2011ж №4-02-3/1559)
	«Республикадағы жалпы білім беретін мектептерінде ағылшын тілін ерте меңгерту бойынша эксперментті жалғастыру туралы» (2010 жылғы 7 шілдедегі №с363)
	«Мамандандырылған білім беру ұйымдарының үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (2013 жылғы 7 қарашадағы № 450)
	«Дарынды балаларға үш тілде оқытатын мамандандырылған арнайы мектептерді ашу туралы» (2007 жылғы 7 тамыз, № 387)
	27. 09. 2007 жылғы «2007-2008 оқу жылында дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептерде оқытудың ерекшеліктері туралы» № 2-13-6/1550 Нұсқалуық хаты
	«Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде үш тілде оқытуды енгізу туралы» (24.09.2007 жылғы№ 450)
	«Мамандандырылған білім беру ұйымдарының қызмет түрлері туралы үлгілік ережелерді бекіту туралы» (2013 жылғы 19 шілдедегі № 289)
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрлігінің «Мамандандырылған білім беру ұйымдары түрлерінің қызметіндегі үлгілік ережелерін бекіту туралы» бұйрығына өзгертулер енгізу туралы (27.11.2013 ж. №472 бұйрық)
	«Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беру мекемелерінің үлгілік оқу жоспарлары нұсқаларын бекіту туралы» (09.09.2010 жылғы № 479)
	2007-2008 оқу жылында дарынды балаларға арналған жалпы білім беру мектептеріне үштілдік оқытуды енгізу бойынша эксперименттi өткізу туралы (06.09.2010 жылғы № 445)
	«Қазақ-түрік лицейлерінің ережелерін бекіту туарлы» (ҚР Денсаулық сақтау, білім беру және спорт министрлігінің 07.08.1999 жылғы № 350 бұйрығы
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі мен «*KATEV*» Халықаралық қоғамдық қоры арасында Қазақстан Республикасындағы қазақ-түрік оқу орындарының білім беру қызметі аясындағы әріптестігі туралы келісім, 17.03.2003ж.

Жергілікті атқару органдарымен (ЖАО) қабылданып отырған құжаттар, әдеттегідей, білім беру ұйымының ұйымдастырушылық-құқықтық формасын анықтаумен байланысты болады. Бұл негізінде, облыс әкімдерінің әлдебір білім ұйымының мәртебесіне, Жарғыларына, аталымдарына қатысты қаулылары. Облыстық білім басқармаларының жеке құжаттары оқу жоспарларына, оқушыларды үш тілде білім беретін мектептерге оқуға қабылдау ережелері және т.б.

Бірақ білім беру ұйымының пилоттық режимдегі қызметі үшін инновациялық үрдістерді ұтымды басқарып отыруға ішкі құжаттар қатаң түрде қажет. Эксперименттің жұмыс бағдарламаларының және жоспарларының, оқу жоспарларының қолда бар екенін барлық респонденттердің көрсете бермейтінін атап өту керек (Павлодар қ.«Дарынды балаларға арналған №3 гимназия» ММ, «Қарағанды қ. «Мұрагер» ДБОМ» есептемегенде). Бұл білім беру ұйымдарында өткізіліп отырған эксперименттің нормативтік-құқықтық қырларының жүйелі қамтамасыздығының жоқтығын куәландыруы мүмкін.

3.2 Көптілдік білімнің ресурстық қамтамасыздығы

Көптілдік білім берудің ресурстық қамтамсыздығы, ең алдымен, мектептегі оқыту тіліне тәуелсіз, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде пәндерді зерделеуге бөлінетін оқу уақытының белгілі көлемін көздейді, себебі көптілдік білім беру априорлы (негізсіз) жыл сайын сыныптар санын арттыруды және тұтас мектептің бірте-бірте үш тілдегі жалпы білім беру пәндеріне 7-сыныптан өтуді көздейді: ғылыми-жаратылыстану циклының бір немесе бірнеше пәнін ағылшын тілінде зерделеу, оқыту орыс тілінде жүргізілетін меткептерде – қазақ тілін және әдебиетін, Қазақстан тарихын оқыту қазақ тілінде жүретін мектептердің бағдарламасымен – қазақ тілінде; оқыту қазақ тілінде жүретін мектептерде – оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептердің бағдарламасымен орыс тілін және әдебиетін – орыс тілінде.

Оған қоса, көптілдік білімнің ахуалы ағылшын тіліне оқытуды ертеден бастаумен (2012 жылдар бастап ағылшын тілі бірінші сыныптан оқытылуда), сонымен қатар қазақ/орыс тілі және қазақ/орыс әдебиеті сағаттарының қайта үйлестірілуімен байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған. Оны 23-26 кестелерінде көрсетілген материалдар куәландырып отыр.

23-кесте – 2010 және 2012 жж (бастауыш білім) үлгілік оқу жоспарларының салыстырмалы сипаттамасы

Оқыту қазақ тілінде жүретін бастауыш білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру									
Пәндері	**2010ж. ҮОЖ**				**Пәндері**	**2012ж. ҮОЖ**			
	Сыныптар бойынша аптасындағы сағат саны					**Сыныптар бойынша аптасындағы сағат саны**			
	1	***2***	***3***	***4***		***1***	***2***	***3***	***4***
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

23-кестенің жалғасы									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Казақша сауат ашу	7	-	-	-	Сауат ашу (оқу, жазу)	7	-	-	-
Қазақ тілі	-	4	4	4	Қазақ тілі	-	4	4	4
Әдебиет	-	4	4	4	Әдеби оқу	-	4	4	4
Орыс тілі	-	-	2	2	Орыс тілі	-	-	2	2
					Шет тілі	1	1	1	1
Оқыту орыс тілінде жүретін бастауыш білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру									
Орыс тілінде сауат ашу	7	-	-	-	Сауат ашу (оқу, жазу)	7	-	-	-
Орыс тілі	-	4	4	4	Орыс тілі	-	4	4	4
Әдебиет	-	4	4	4	Әдеби оқу	-	4	4	4
Қазақ тілі	3	3	4	4	Қазақ тілі	2	2	4	4
					Шет тілі	1	1	1	1
Оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүретін бастауыш білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру									
Тәжік/Өзбек/Ұйғыр сауаты	7	-	-	-	Сауат ашу (оқу, жазу)	7	-	-	-
Ана тілі	-	4	4	4	Ана тілі	-	4	4	4
Әдебиет	-	4	4	4	Әдеби оқу	-	4	4	4
Қазақ тілі	3	3	4	4	Қазақ тілі	2	2	3	3
Орыс тілі	-	-	2	2	Орыс тілі	-	-	2	2
					Шет тілі	1	1	1	1
Оқыту орыс тілінде жүретін мектептер бойынша қазақ тілін меңгеруге бөлінетін оқу уақытының көлемі									
Қазақ тілі	3	3	4	4	Қазақ тілі	2	2	4	4
Нәтижесінде, сағат	107-ден 14					107-ден 12			

24-кесте – 2010 және 2012 жж (негізгі орта білім) үлгілік оқу жоспарларының салыстырмалы сипаттамасы

Оқыту қазақ тілінде жүретін негізгі орта білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру											
Пәндері	**ҮОЖ 2010ж.**					**Пәндері**	**ҮОЖ 2012ж.**				
	Сыныптар бойынша аптасындағы сағат саны						**Сыныптар бойынша аптасындағы сағат саны**				
	5	***6***	***7***	***8***	***9***		***5***	***6***	***7***	***8***	***9***
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Қазақ тілі	3	3	3	2	1	Қазақ тілі	3	3	3	3	1
Қазақ әдебиеті	3	2	2	2	3	Қазақ әдебиеті	3	2	2	2	3

24-кестенің жалғасы											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Орыс шешендік сөзі	3	3	3	3	3	Орыс тілі	2	2	2	2	2
						Орыс әдебиеті	1	1	1	1	1
Шет тілі	2	2	2	2	2	Шет тілі	2	2	2	2	2
Оқыту орыс тілінде жүретін негізгі орта білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру											
Орыс тілі	3	3	2	2	2	Орыс тілі	3	3	3	3	2
Орыс әдебиеті	3	2	3	2	2	Орыс әдебиеті	2	2	2	2	2
Қазақ тілі	5	5	5	5	5	Қазақ тілі	4	4	4	4	4
Қазақ әдебиеті	1	1	1	1	1	Қазақ әдебиеті	1	1	1	1	1
Шет тілі	2	2	2	2	2	Шет тілі	2	2	2	2	2
Оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүретін негізгі орта білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру											
Тәжік/Өзбек/ Ұйғыр тілі	3	3	3	2	2	Анат тілі	3	2	3	3	2
Тәжік/Өзбек/ Ұйғыр әдебиеті	3	2	2	2	2	Тәжік/Өзбек/Ұйғыр әдебиеті	2	2	2	2	2
Қазақ тілі	3	3	3	3	3	Қазақ тілі	3	2	3	3	2
Қазақ әдебиеті	1	1	1	1	1	Қазақ әдебиеті	1	1	1	1	1
Орыс шешендік сөзі	2	2	2	2	2	Орыс тілі	2	2	2	2	2
						Орыс әдебиеті	1	1	1	1	1
Шет тілі	2	2	2	2	2	Шет тілі	2	2	2	2	2
Оқыту орыс тілінде жүретін мектептер бойынша қазақ тілін меңгеруге бөлінетін оқу уақытының көлемі											
Қазақ тілі	5	5	5	5	5	Қазақ тілі	4	4	4	4	4
Қазақ әдебиеті	1	1	1	1	1	Қазақ әдебиеті	1	1	1	1	1
Барлығы, сағат	6	6	6	6	6	Барлығы	5	5	5	5	5
Нәтижесінде, сағат	174-тен 30					Нәтижесінде, сағат	174-тен 25				

25-кесте – 2010 және 2012 жж (жалпы орта білім) үлгілік оқу бағдарламаларының салыстырмалы сипаттамасы

Оқыту қазақ тілінде жүретін қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру					
Пәндері	**2010ж. ҮОЖ**		**Пәндері**	**2012ж. ҮОЖ**	
	Сыныптар бойынша аптасындағы сағат саны			**Сыныптар бойынша аптасындағы сағат саны**	
	10	***11***		***10***	***11***
1	2	3	4	5	6
Ана тілі	2	2	Қазақ тілі	2	2
Ана тіліндегі әдебиет	2	3	Қазақ әдебиеті	2	3
Орыс тілі	2	2	Орыс тілі	2	2
Орыс әдебиеті	2	1	Орыс әдебиеті	2	1
Шет тілі	4	2	Шет тілі	4	4
Оқыту орыс тілінде жүретін қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру					
Ана тілі	2	2	Орыс тілі	2	2
Ана тіліндегі әдебиет	2	3	Орыс әдебиеті	2	3
Қазақ тілі	4	4	Қазақ тілі	4	4
Қазақ әдебиеті	2	1	Қазақ әдебиеті	1	1
Шет тілі	4	2	Шет тілі	4	4
Оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүретін қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру					
Ана тілі	2	2	Ана тілі	2	2
Ана тіліндегі әдебиет	2	3	Тәжік/Өзбек/Ұйғыр тіліндегі әдебиет	2	2
Қазақ тілі	4	4	Қазақ тілі	3	3
Қазақ әдебиеті	2	1	Қазақ әдебиеті	1	1
			Орыс тілі	2	2
			Орыс әдебиеті	1	1
Шет тілі	4	2	Шет тілі	4	4
Оқыту қазақ тілінде жүретін жаратылыстану-математикалық бағыттағы жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру					
Ана тілі	1	1	Қазақ тілі	1	1
Ана тіліндегі әдебиет	2	2	Қазақ әдебиеті	2	2
Орыс тілі	2	2	Орыс тілі	1	1
Орыс әдебиеті	1	1	Орыс әдебиеті	1	1
Шет тілі	2	2	Шет тілі	2	2
Оқыту орыс тілінде жүретін жаратылыстану-математикалық бағыттағы жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру					
Ана тілі	1	1	Орыс тілі	1	1
Ана тіліндегі әдебиет	2	2	Орыс әдебиеті	2	2
Қазақ тілі	4	4	Қазақ тілі	4	4
Қазақ әдебиеті	1	1	Қазақ әдебиеті	1	1
Шет тілі	2	2	Шет тілі	2	2
Оқыту ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде жүретін жаратылыстану-математикалық бағыттағы жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарларын салыстыру					
Ана тілі	1	1	Ана тілі	1	1
Ана тіліндегі әдебиет	2	2	Тәжік/Өзбек/Ұйғыр әдебиеті	2	2

					25-кестенің жалғасы
1	2	3	4	5	6
Қазақ тілі	4	4	Қазақ тілі	3	3
Қазақ әдебиеті	1	1	Қазақ әдебиеті	1	1
			Орыс тілі	1	1
			Орыс әдебиеті	1	1
Шет тілі	2	2	Шет тілі	2	2
Оқыту орыс тілінде жүретін мектептер бойынша қазақ тілін меңгеруге бөлінетін оқу уақытының көлемі					
Қазақ тілі	4	4	Қазақ тілі	4	4
Қазақ әдебиеті	2	1	Қазақ әдебиеті	1	1
Барлығы, сағат	6	5	Барлығы, сағат	5	5
Нәтижесінде, сағат	11-ден 78		Нәтижесінде, сағат	10-нан 78	

26-кестесіндегі материалдарға назар аударсақ, жаңа ҮОЖ қабылдаумен 2012 жылы оқыту орыс тілінде жүретін мектептер бойынша жеке пәндерді қазақ тілінде оқытуға бөлінген оқу уақыты күрт азайғанын байқаймыз.

26-кесте – Оқыту орыс тілінде жүретін мектептер бойынша оқытудың қазақ тілін меңгеруге бөлінген оқу уақытының көлемі

2010 жыл			**2012 жыл**		
	Барлығы, сағат	Қаз.тіліне бөлінген сағат саны		Барлығы, сағат	Қаз.тіліне бөлінген сағат саны
1-4 сыныптар	107	14	1-4 сыныптар	107	12
5-9 сыныптар	174	30	5-9 сыныптар	174	30
10-11 сыныптар	78	11	10-11 сыныптар	78	10
Барлығы	**359**	**55**	**Барлығы**	**359**	**52**

1-сурет – Оқыту орыс тілінде жүретін мектептер бойынша жеке пәндерді қазақ тілінде оқытуға бөлінген оқу уақыты бойынша көрсеткіштерінің динамикасы

Бұл ахуал жалпы қазақстандық мектептер үшін тән. Оқыту орыс тілінде жүретін қазақ тілін меңгеруге бөлінген сағат санының қысқаруы мемлекеттік тілді меңгерудің жаңа форматымен түсіндірілген болатын және ол шара мәжбүрлі саналған, себебі қазақ тілін меңгерудің қалыптасқан әдістері олардың сапасына күмән тудыруда. Басқа сөзбен айтқанда, оқытудың жаңа бағдарламасы қазақ тілін меңгеруге шығын келтірмей түзіліп, алдындағыдай сағаттың үлкен санын талап етпейді. Мемлекеттік тілді меңгерудің жаңа форматы грамматикаға шоғырланбай, ауызекі тілді меңгеруге басым назар аударуда. Алайда, мемлекеттік тіл оқытушыларының басым саны бұл жаңалыққа жақтырмаған көзқарасын білдірді. Оған жауап ретінде 2013 жылдың өзінде-ақ 2012 жылғы үлгілік оқу жоспарларына ҚР БҒМ-нің бірқатар бұйрықтарына сәйкес өзгертулер енгізілді, атап айтқанда:

– **2013 жылғы 25 шілдесіндегі №296 бұйрық.** «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №500 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы» *(Қазақстан Республикасының «Дене мәдениеті және спорт туралы» Заңының 9-бабындағы 1-тармақты орындау мақсатымен);*

– **2013 жылғы 27 қарашадағы №471 бұйрық.** «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Президенті – еліміздің көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында *анықталған қазақ тілін дамытуды жалғастыру жөніндегі мақсаттарын іске асыру мақсатымен*;

– **2014 жылғы 25 ақпандағы №61 бұйрық** «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы».

Нәтижесінде бұл шаралар Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерімен заңдастырылғандықтан, 2015-2016 оқу жылында оқыту орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілінің аптасынлдағы сағат көлемін 1 сағатқа арттырады.

Әрине, осындай орналастыру амалы көптілдік білім беру бойына пилоттық мектептердің бағдарламаларына өз әсерін тигізбей қойған жоқ, онда қазақ, орыс және ағылшын тілінде зерделенетін пәндерге бөлінетін оқу уақытының көлемі әдеттегі мектептердің оқу жоспарларынан ерекше (27-кесте).

27-кесте – Оқытудың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне бөлінетін оқу сағатының көлемі бойынша деректерді салыстыру (2014-2015 оқу жылы)

	1-4 сынып	**5-9 сынып**	**10-11 сынып**	**Барлығы**
Қазақ тілін меңгеруге бөлінетін оқу сағатының үлесі (оқыту орыс тілінде жүретін мектептер үшін)	**11,0**	**16,6**	**13,5**	**14,2**
Орыс тілін меңгеруге бөлінетін оқу сағатының үлесі (оқыту қазақ тілінде жүретін мектептер үшін)	**3,8**	**9,4**	**6,5**	**7,1**
Оқытудың ағылшын тілін меңгеруге бөлінетін оқу уақытының үлесі (оқыту қазақ тілінде жүретін мектептер үшін)	4,0	29,7	37,5	23,7
Оқытудың ағылшын тілін меңгеруге бөлінетін оқу уақытының үлесі (оқыту орыс тілінде жүретін мектептер үшін)	7,9	29,9	15,0	20,1
Оқытудың ағылшын тілін меңгеруге бөлінетін оқу уақытының үлесі **(орта мәні)**	**5,9**	**29,8**	**26,3**	21,9

Бұл жағдайда, оқытудың ағылшын тілін меңгеруге бөлінетін оқу уақытының үлесін арттыруға тұрақты беталыс белгіленген, ал едәуір әлсіз айқындамаларды алып тұрғаны – мектеп пәндерін орыс тілінде оқыту (2-суреттері).



Оқытудың қазақ тілін меңгеруге бөлінетін оқу уақытының үлесі (оқыту орыс тілінде жүретін мектепте)

Оқытудың орыс тілін меңгеруге бөлінетін оқу уақытының үлесі (оқыту қазақ тілінде жүретін мектептер)

Оқытудың ағылшын тілін меңгеруге бөлінетін оқу уақытының үлесі

2-сурет – Оқытудың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне бөлінетін оқу уақытының көлемі бойынша көрсеткіштердің динамикасы



3-сурет – ҚТЛ-ды ескергенде алғанда оқытудың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне бөлінетін оқу уақытының көлемі бойынша көрсеткіштердің динамикасы

Оқытудың ағылшын тілі.

Жоғарыда айтылғандай, анағұрлым динамикалық сипаттамасына көптілдік білім беруге қосылған мектептердегі оқытудың ағылшын тілінің дамуы ие (28-кесте).

28-кесте – Оқытудың ағылшын тіліне бөлінген оқу уақытының көлемін үлестіру (%-бен)

	2007-08 оқ.ж	2008-09 оқ.ж	2009-10 оқ.ж.	2010-11 оқ.ж	2011-12 оқ.ж	2012-13 оқ.ж	2013-14 оқ.ж	2014-15 оқ.ж
Оқытудың ағылшын тіліне бөлінетін оқу уақытының үлесі	17	17,7	18,6	19,5	20,7	20	21,8	21,9

Бұл жерде жеке пәндерді қазақ және орыс тілінде оқытудан ерекше, оқытудың ағылшын тіліне бөлінетін оқу уақытының үлесіндегі көрсеткіштерде бара-бара және тұрақты өсу қарқыны байқалуда (4-сурет).



4-сурет – оқыту үш тілде жүретін мектептерде пәндерді ағылшын тілінде оқытуға бөлінетін оқу уақытының көлемі бойынша көрсеткіштердің динамикасы (%-бен)

Жағдайды нақтылау үшін, ақпаратты ұсынған мектептердің тізімінен ағылшын тілінде оқыту өзіндік дәстүріне ие болып отырған қазақ-түрік лицейлерін шығарып тастадық (ол туралы біз алдында айтқан болатынбыз). Ондай шешіммен біз оқытудың ағылшын тіліне бөлінетін оқу уақытының үлесі бойынша көрсеткіштерді айтарлықтай төмендетеді деп болжамдаймыз. Салыстырмалы талдауда біздің болжам расталды: егер ҚТЛ-дің қатысуымен нақты көрсеткіш оқытудың қазақ және орыс тілдеріне бөлінетін оқу уақытының үлесінен сәйкесінше 7,7% және 148% асатын болса, онда ҚТЛ-дің қатысуынсыз бұл көрсеткіш 5,3% төмендеген (5-сурет).



5-сурет – ҚТЛ-ды ескермегенде оқытудың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне бөлінетін оқу уақытының көлемі бойынша көрсеткіштердің динамикасы

Онда, динамикасында бұл көрсеткіш бойынша тұрақты өсу тек 2014-2015 оқу жылына дейін байқалады, ал ағымдағы оқу жылында өзінің оқытудың қазақ және орыс тілдеріне қатысты айқындамаларын сақтаумен, нақты көрсеткіш 5,2% дейін төмендеді (6-сурет).



6-сурет – Қазақстан мектептері бойынша ҚТЛ қатысуынсыз пәндерді ағылшын тілінде зерделеуге бөлінетін оқу уақытының көлемі бойынша көрсеткіштердің динамикасы (%-бен)

Мониторингке қатысқан барлық мектептерде «Ағылшын тілі» пәнінен өзге, ағылшын тілінде бірқатар өзге пәндер де зерделенуде (29-кесте), негізінде, олар жаратылыстану-математикалық бағытта. Ағылшын тілінде зерделеніп отырған пәндердің диапазоны оқытудың басқа тілдерімен салыстырғанда, анағұрлым ауқымды екенін атап өткен абзал.

29-кесте – Ағылшын тілінде зерделенетін қосымша пәндердің тізімі (2015 жылға алынған жағдай бойынша)

Ұйымдардың атауы	**Ағылшын тілінде зерделенетін пәндердің атауы**
1	2
Талдықорған қ., Дарынды балаларға арналған оқыту үш тілде жүретін №20 мамандандырылған лицей	Математика, Информатика, География
Атырау облысы, Дарынды балаларға арналған оқыту үш тілде жүретін №30 мамандандырылған мектеп-гимназия	Физика
ШҚО, Дарынды балаларға арналған «Шығыс» ғылыми-зерттеушілік мамандандырылған дамыта оқытудың орталық-мектеп-кешені	Математика, биология «Полиглотик» курсы (вариативті құрамдас) «Teenagers in Time and Space» курсы (вариативті құрамдас) Ағылшын тілі бойынша зерттеушілік зертханалар (тұлғалы-бағдарлы құрамдас) «Қазақстандық жол» курсы
Алматы облысы, №8 мектеп-лицей,	Fly High, Ағылшын тілі суреттермен, New Opportunities, Challenges, Жаратылыстану, География, Objective First, Грамматиканың практикалық курсы, Іскерлік ағылшын тілі

29-кестенің жалғасы	
1	2
Өскенмен қ., "НұрОрда" мектеп-лицейі	Алгебра, Геометрия, Информатика, Биология, Физика, Химия
Жамбыл облысы, Дарынды балаларға арналған оқыту үш тілде жүретін мамандандырылған мектеп	Жаратылыстану, Биология, Физика, Ағылшын тілінің грамматикасы, Техникалық аударма, ELTS
БҚО, Дарынды балаларға арналған облыстық № 8 мамандандырылған мектеп	Биология, Жаратылыстану, Оқу және аудару техникасы, Практикалық грамматика
Қостанай облысы Білім басқармасының дарынды балаларға арналған "Озат" мектеп-интернаты	Биология, химия
Маңғыстау облысы, Экономикалық лицей	Бизнес
Павлодар қ. «Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы»	Биология
СҚО, Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған ЛОРД мектеп-лицейі	Физика, Биология, Техникалық аударма

Жалпы, зерттеу көрсетіп отырғанындай, нақты көрсеткіштің динамикасы оның жылдан жылға аумай өсуде, оны оқытудың қазақ және орыс тілдеріне бөлінетін оқу уақытының үлесі туралы айтуға келмейді.

Оқытудың қазақ тілі.

ТК V.1(а) технологиялық картасындағы деректер «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» оқыту орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілінде зерделенеді, ал жеке мектептерде – «Қазақстан тарихы» да осы тізімге енуде. Оған қоса, қазақ тілінде қосымша пәндердің зерделенуіне бастамамен шығып отырған мектептер бар (30-кесте).

30-кесте – қазақ тілінде зерделеніп отырған қосымша пәндердің тізімі (2015 жылға алынған жағдай бойынша)

Білім беру ұйымының атауы	**Оқыту орыс ітілнде жүретін мектептерде қазақ тілінде зерделенетін пәндер**
1	2
Павлодар қ. «Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы» ММ	«Абайтану»
Қостанай облысы Білім басқармасының « Дарынды балаларға арналған "Озат" мектеп-интернаты» КММ, Қостанай облысы, Қостанай қ., Маяковский көш., 112	«Өзін-өзі тану»
"Дарынды балаларға арналған оқыту үш тілде жүретін мамандандырылған мектеп " КММ, Тараз қаласы	«Қазақ тілі лексикасының ерекшеліктері»

30-кестенің жалғасы	
1	2
"НұрОрда" мектеп-лицейі , Өскемен қ.	«Адам. Қоғам. Құқық», «География»
«№8 мектеп-лицей» КММ, Алматы қ, Алмалы ауданы, Шарипов көш.,105	«Абайтану»
ШҚО Білім басқармасының « Дарынды балаларға арналған «Шығыс» ғылыми-зерттеушілік дамыта оқытудың мамандандырылған орталық-мектеп- кешені» КММ, Өскемен қ.	«Адам. Қоғам. Құқық», «География», «Дүниежүзілік тарих»

Бұл жағдайда оқытудың қазақ тіліндегі пәндерге бөлінетін оқу уақытының үлесі жылдар бойынша біртекті үлестірілмейді, нақты көрсеткіштердің динамикасы 10% бастап 20% дейін ауытқуда (31-кесте).

31-кесте – Қазақстанның оқыту орыс тілінде жүретін мектептеріндегі қазақ тіліне бөлінетін оқу уақытының көлемін үлестіру (%-бен)

	2007-08 оқ.ж	2008-09 оқ.ж	2009-10 оқ.ж	2010-11 оқ.ж	2011-12 оқ.ж	2012-13 оқ.ж	2013-14 оқ.ж	2014-15 оқ.ж
Оқытудың қазақ тіліне бөлінетін оқу уақытының үлесі (оқыту орыс тілінде жүретін мектептер)	14,1	10,8	14,4	19,5	19,0	17,8	16,8	14,2

Алайда, соңғы жылдары оқытудың қазақ тілі бойынша көрсеткіштердің төмендеуі байқалуда (7-сурет).

7-сурет – Оқыту орыс тілінде жүретін мектептерде пәндерді қазақ тілінде зерделеуге бөлінетін оқу уақытының көлемі бойынша көрсеткіштердің динамикасы (%-бен)

Көрсеткіштің осылайша төмендеуі оқыту қазақ тілінде жүретін мектептерде орыс тілінде зерделенетін пәндер бойынша көрсеткіштерде де байқалады (32-кесте, 8-сурет).

32-кесте – Қазақстандағы оқыту қазақ тілінде жүретін мектептерде оқытудың орыс тіліне бөлінетін оқу уақытының көлемін үйлестіру (%-бен)

	2007-08 оқ.ж.	2008-09 оқ.ж	2009-10 оқ.ж.	2010-11 оқ.ж.	2011-12 оқ.ж.	2012-13 оқ.ж.	2013-14 оқ.ж.	2014-15 оқ.ж.
Оқытудың орыс тіліне бөлінетін оқу уақытының үлесі (оқыту қазақ тілінде жүретін мектептер үшін)	13,7	15,7	16,9	14,6	13,3	12,2	10,6	7,1

8-сурет – Оқыту қазақ тілінде жүретін мектептерде пәндерді орыс тілінде зерделеуге бөлінетін оқу уақытының көлемі бойынша көрсеткіштердің динамикасы (%-бен)

Бұл жағдайда оқыту қазақ тілінде жүретін мектептерде, әдеттегідей, тек екі пән ғана орыс тілінде зерделенеді. Бұл – «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті». Мектептердің басым көпшілігі «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың орыс тіліне ауыстырған, тек екі мектеп қана орыс тілінде зерделенетін қосымша пәндерді көрсетті: № 3 орта мектеп-кешен (Көкшетау қ.) – «Қарқынды орыс тілі сұрақтарымен және жауаптарымен»; «Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған №20 мамандандырылған лицей» ММ (Алматы облысы, Талдықорған қ.) – «Орыс сөзінің өнері», «Әдеби оқу».

3.3 Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі көптілдік білімнің кадрлық қамтамасыздығы

Білім сапасы оқыту сапасынан жоғары бола алмайтынын дәріптейтін педагогикалық заңдылықтарға ілесіп, біз зерттеліп отырған мектептердегі оқу үрдісінің кадрлық қамтамасыздығын талдап шықтық.

Санаттар (разрядтар) кескінінде мониторингтің қорытындыларымен анықталып отырғанындай, зерттеліп отырған мектептерде жоғары санатты оқытушылардың санды құрамы басым (9-сурет).



9-сурет – Зерттеліп отырған мектептегі санаттар

Сәйкесінше, педагогтердің біліктілігі көптілдік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда жаңа оқу құралдарын, педагогикалық технологияларды, оқыту және тәрбиелеу әдістерін табысты әзірлеуде, олардың практикадағы апробациясы үшін шынайы мүмкіндік беруде. Біліктілік талаптарына сәйкес нақты санаттағы мұғалімдер өз пәні бойынша эксперименттік міндеттерді құрып, білім саласындағы өзекті мәселелердің талдамасы бойынша шығармашылық топтарды басқаруға қабілетті болуы тиіс.

Осы көзқарастан едәуір жоғары әлеуетке қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдер ие: жоғары санатты мұғалімдердің үлесі орыс және ағылшын тілдерінен сабақ беретін мұғалімдер үлесінен сәйкесінше 4,4% және 5,4% жоғары (10-сурет).



	қаз. тілінде сабақ беретін	орыс тілінде сабақ беретін	ағыл. тілінде сабақ беретін
екінші санат	4,0	1,0	4,0
бірінші санат	3,6	1,5	2,7
жоғары санат	8,5	4,1	3,1

10-сурет – Санат бойынша әр тілде оқытатын мұғалімдердің үлесі

Осы санаттағы мұғалімдердің пәні бойынша оқу-әдістемелік жұмысты талдау әдістерін меңгеру, оқытудың жеке бағдарламаларын түзіп, іске асыру, шығармашылық семинарларды басқару, өз жұмысында озық педагогикалық тәжірибені пайдалану біліктері, сонымен қатар, көптілдік білім беру идеяларын дамыту үшін жеткілікті дәрежеде жоғары әлеуетін білдіреді. Бұл олардағы пәні және тілдер бойынша біліктілік арттыру курстарынан өтуі туралы сертификаттардың болуымен расталып отыр: Назарбаев зияткерлік мектептерінің, ҚазТест және IELTS сертификаттарына ие жоғары санатты мұғалімдердің үлесі екінші және бірінші санатты мұғалімдердің үлесінен айтарлықтай алда (11-сурет).

	КББ бойынша БАК өткендер	НЗМ сертификаты на ие	ҚазТЕСТ сертификаты на ие	IELTS сертификаты на ие
екінші санат	2,3	2,3	0,0	0,6
бірінші санат	1,5	2,1	0,2	0,5
жоғары санат	2,3	2,9	2,4	1,4

11-сурет – Санат бойынша түрлі сертификаттары бар мұғалімдердің үлесі

Нақты болжам зерттеліп отырған мектептердің мұғалімдері арасында жоғары педагогикалық білім алған мұғалімдердің үлесі басым болған дәйегімен расталуда (12-сурет). Сонымен қатар айта кететіні, қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдердің саны жағынан басым.



	қаз. тілінде сабақ беретін	орыс тілінде сабақ беретін	ағылш. тілінде сабақ беретін
жоғары білім	20,7	8,1	13,3
орта арнаулы білім	0,5	0,5	0,6

12-сурет – Педагогикалық білімі бойынша мұғалімдердің үлесі

Жалпы, көптілдік білім беруге қосылған мектептердегі мұғалімдердің сапалық құрамы олардың инновациялық әлеуетінің жеткілікті дәрежеде екенін сеніммен айтуға мүмкіндік береді. Оған дәлел ретінде мектеп мұғалімдерінің күшімен, серіктестердің қолдауында әзірлеген түрлі бағдарламалардың болуын атаймыз. Атап айтқанда, осы күні әзірлегені:

1) оқу бағдарламалары («Дарынды балаларға арналған «Озат» интернаты» ММ, Қостанай қ.)**:**

– **«Арнайы тарих» (қазақ тілінде)** – 8-11 сыныптарға арналған, оған дидактикалық материалдардың жинағы, тест тапсырмалары, қисынды тапсырмалар мен жаттығулар енген;

– **«Арнайы биология» (ағылшын тілінде)**, оның құрамына терминологиялық сөздік, тест тапсырмаларының, жаттығуларының жинағы, технологиялық карталар енген;

– **«Арнайы ағылшын тілі»** - 10-11 сыныптарға арналған, сабақтарды бейнематериалмен және электрондық құралмен сүйемелдеуімен;

– **«Арнайы химия»** - 8-9 сыныптарға арналған, сабақтарды бейнематериалмен және электрондық құралмен сүйемелдеуімен;

2) Үйірмелердің бағдарламалары ("Дарынды балаларға арналған «Шығыс»ғылыми-зерттеушілік мамандандырылған дамыта оқытудың орталық-мектеп–кешені" ММ, Өскемен қ.):

– «Қызықты ағылшын тілі», 1-3 сынып оқушыларына арналған;
– «Қуыршақ театры», 3-5 сынып оқушыларына арналған;
– «English theatre studio», 5-11 сынып оқушыларына арналған;
– «Шет тілінің әйесқойлары», 7-8 сынып оқушыларына арналған;
– «School press», 8-11 сынып оқушыларына арналған;

– «Ағылшынша тілдесу клубы», негізгі және жоғары буынға арналған;
– «Музыкалық арна», негізгі және жоғары буынға арналған;
– «English club», жоғары сынып оқушыларына арналған;
– «INET club», негізгі және жоғары буын мектепке арналған;
– «Ағылшынша сөйлейміз» ересек, мектепке даярлық тобы;
– «Леди мен джентльмендер», орта және дайындық тобы балаларына арналған.

Бұл аталғаны мектеп мұғалімдерімен әзірленіп, сараптамадан өтетін, шынайы оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын бағдарламалардың және ОӘК-нің толық тізімі емес.

Осылайша, көптілдік білім идеяларын табысты түрде жүзеге асыру үшін, зерттеліп отырған мектептерде пәнді және тілді біріктіріп оқытудың ерекше әдістемелерін әзірлеуге, озық педагогикалық тәжірибені қолдануға шынайы алғышарттары бар, бұл мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің тұрақты оң нәтижелерін қамтамасыз етуге педагогикалық шарт тудыруда.

3.4 Республиканың жалпы білім беретін мектептерінде көптілдік білім берудің оқу-әдістемелік қамтамасыздығы

Мониторингтің үшінші тарауы (III. Көптілдік білім беру мәселесі бойынша әріптестік қызмет) көптілдік білім беру мәселелері бойынша әріптестік қызмет пен тәжірибе алмасу шеңберіндегі іс-шаралар бойынша ақпаратты жинауға арналған.

Осылайша, ЖОО-мен әріптестік қызмет эксперименттік мектептерге жоба шеңберінде қабылданатын қайсыбір шешімдерін ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді. Осы жұмыстың анағұрлым тиіді формасы ретінде ЖОО-мен ресімделген ұзақмерзімді келісімдер, олардың шеңберінде көптілдік бойынша эксперименттік жұмысты ғылыми-әдістемелік қолдау бойынша жүйелі жұмыс атқарылуда, атап айтқанда, ондай келісім *Дарынды балаларға арналған №3 гимназия* (Павлодар облысы) және Павлодар педагогикалық институты арасында жасалған. Дарынды балаларға арналған Нурмаков атындағы облыстық мамандандырылған №2 мектеп (Қарағанды қ.) Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің шет тілдер кафедралары бірінің бөлімшесі болды.

Жалпы, ЖОО-мен және колледждермен әріптестік қызметке түскен эксперименттік мектептер жылдан жылға, бірте-бірте көптілдік білім беру жүйесін дамытудың түрлі формалары мен түрлеріне қатысуын белсендендіруде, олар: семинарлар, конференциялар, байқаулар, олимпиадалар, ғылыми жобаларды әзірлеу, әдістемелік құралдарды, нұсқауларды әзірлеу және басылымға дайындау.

Халықаралық мектептермен жүргізілген әріптестік қызмет шеңберінде, эксперимент қатысушылары шетелдік әріптестерімізбен кездесулерді өткізеді

(Шәкәрім атындағы облыстық мамандандырылған мектеп, Семей қ., ШҚО), тілдік курстан өтеді (М.Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназия, Алматы қ., СҚО-ның дарынды балаларға арналған ЛОРД мектеп-лицейі, №21 мектеп – гимназия, Ақтөбе обл.), халықаралық зияткерлік ойындарға (М.Тасова атындағы №13 мамандандырылған мектеп-интернат, ОҚО) және байқауларға (Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған «Мұрагер» мектеп-интернаты, Қарағанды обл.) қатысады, қашықтықтан тәжірибе алмасады (№30 мектеп–гимназия, Атырау обл.), халықаралық конференцияларға және форумдарға қатысады (М.Ғабдуллин атындағы №3 орта бейінді мектеп-кешені, Ақмола обл.), FLEX халықаралық бағдарламасына қатысады (Дарынды балаларға арналған №3 гимназия, Павлодар обл., Экономикалық лицей, Ақтау қ., Маңғыстау обл.).

Бұл орайда, эксперименттік мектептердің өз әріптестерімен қызметтестікке түсуі бастамашылық сипатта жүргенін атап өту керек.

Олармен атқарылып отырған жұмыстардың формасы көптілдік білім беру эксперименті бойынша ғылыми-әдістемелік қамтамасыздығы функциясын мақсатты орындап отырған «Дарын» Республикалық ғылыми–практикалық орталығының ұсынып отырған түрлерінен әлдеқайда кең. «Дарын» РҒПО-мен өткізіліп отырған іс-шаралардың (олимпиадалар, семинарлар, конференциялар, халықаралық ойын байқаулары, педагогикалық ой фестивальдары, әдістемелік талдамалардың байқаулары) мерзімділігі мен жиілігіне қарамастан, олар басым көпшілігінде ғылыми–әдістемелік емес, ұйымдастырушылық-бұқаралық сипатта жүреді.

«Дарын» РҒПО желісі бойынша өткізіліп отырған маңызды іс-шаралардың ішінде келесілерді атап өтуге болады:

– "EUROMATH" математика бойынша халықаралық ғылыми жарыстар (Кипр);

– "Русский медвежонок" халықаралық байқауы, 2014 ж.қараша;

– "Кенгуру Лингвист" халықаралық байқауы, 2014 ж. сәуір.;

– Қолданбалы лингвистика бойынша халықаралық байқау;

– «Золотое руно» халықаралық ойын байқауы;

– «Русский медвежонок – языкознание для всех» халықаралық ойын байқауы, 2015 ж.наурыз;

– «British buldog» халықаралық байқауы, 2014ж. желтоқсан;

– Дарындылық мәселесіне заманауи көзқарастар» халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Астана қ., 2011-2012 жж;

– «Дарынды балаларды психологиялық тұрғыда қолдау» халықаралық пракикалық семинар, Шымкент, 2009-2010 жж;

– "Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде көптілдік білім беру саясатының дамуы" халықаралық конференция.

Жалпы алғанда, бүгінгі күні пилоттық мектептер көптілдік білім берудің ғылыми-әдістемелік қамтамасыздығы көзқарасынан айтарлықтай қолдау көрмей қалуда. Ондай мектептердің ұжымы, жиі жағдайда, оқу жоспарлары мен бағдарламалары секілді қабылданып отырған құжаттардағы жеке ережелердің

қарама-қайшылығын өзінен өткізуде. Атап айтқанда, Дарынды балаларға арналған мктептердің мамандандырылған қатарға өтіп, мәртебесін өгертуіне байланысты, 2014-2015 оқу жылында «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту тілінде беру қажет, ал бұл жағдай эксперименттің бастапқы тұжырымдамасына сай келмейді.

Нақты сараптамалық анықтаманы дайындау барысында ондай өзгерістерге қандай да болмасын сенімді түсініктеме табу мүлдем мүмкін болмады. «Дарын» РҒПО-ның ресми сайтында көптілдік білім беруге бір парақ арналған, онда жыл сайын үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептерде білімділік мониторингі өткізіліп отыратыны туралы ақпарат орналастырылған. Алайда, нақты мониторингтің мақсаты, оның нәтижелері мен қорытындылары, мониторинг деректері негізінде қабылданатын шешімдер туралы ақпаратты, өкінішке орай, сайтқа кіргендер таба алмайды.

Сонымен қатар айта кететіні, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2014 жылдан бастап көптілдік білімнің мониторингісіне елеулі назар аударуда. ҚР БҒМ-нің тапсырмасы бойынша Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2014 жылы көптілдік білім мониторингісін әзірлеп, оны өткізді. Нақты мониторингтің қорытындысымен, Академия осы күні әзірлеп, келесілерді басылымнан шығарды:

1) «Пилоттық және эксперменттік мектептердегі білім беру үрдісінің сапасына кешенді мониторинг жүргізу («НЗМ» АҚ-ның 35 базлық мектебі, гранттық және жан басына шаққан қаржыландыруды енгізудің 63 эксперименттік мектебі, көптілдік білімді енгізу бойынша мектептер)» Талдамалық анықтамасы;

2) Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында көптілдік білім беруді дамытудың тұжырымды негіздерінің жобасы.

Жалпы, Қазақстанда көптілдік білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың ресурстық, кадрлық, ғылыми-әдістемелік қамтамасыздығы заңдылықты тұрғысында оның нәтижелерінде көрініс табуда. Мониторингтің төртінші тарауында орналасқан деректердің банкі оған дәлел. Мониторингтің «IV. Көптілдік білімге тартылған оқушылар туралы мәліметтер» төртінші тарауы білім алушылар қызметінің нәтижелері көрсетілген. Мониторингтегі нақты тараудың материалдары нақты құралдың келесі тарауында орын тапқан.

4 Қазақстанда көптілдік білім беруді дамыту бойынша қорытындылар мен ұсыныстар

4.1 Қазақстанда көптілдік білім берудің дамуы бойынша жалпы қорытындылар

Жалпы қорытындылар, ең алдымен, білім алушылар қызметінің нәтижелерімен байланысты. Олардың өзі кез-келген педагогикалық ойды жүзеге асырудың табысты, не табыссыз өтуіне негізгі индикатор ретінде шығады. Бұл мәнінде, көптілдік білім беру осы қатардан сырт қалған жоқ.

Тілдерді меңгертудің деңгейлік моделіне сәйкес, ең алдымен, нақты модельдің оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудағы қолданысы бойынша жағдай анықталды (ТК IV.1.1 – Көптілдік білім беру бойынша экспериментке тартылған оқушылардың тілдерді меңгеру деңгейлері).

Бұл жерде қазақ және орыс тілдерін меңгеруінің көрсетілген деңгейлер жүйелерімен бағалануы бойынша сұрақтар туындауда, себебі ағылшын тілінен ондай үлгінің дүниежүзілік тәжірибеде қолданылып жүргені бірінші жыл емес (сөз тілдерді меңгерудің жалпы еуропалық шеңбері – *CEFR* туралы көтерілуде). Қазақ тілінде оқытылу деңгейлеріне тілдің төрт түрлі қызметі бойынша (дыбыстау, сөйлеу, оқу және жазу) қойылатын талаптар Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-мен әзірленген «бала-бақша - мектеп – колледж -жоғары оқу орны» жүйесінде мемлекеттік тілді үздіксіз деңгейлеп оқытудың стандартында көрсетілген. Орыс тілі бойынша меңгеру деңгейлеріне қойылатын талаптар әлі анықталмаған. Сондықтан нақты модельдің мониторингке қатысқан мектептер ішінен тек 7 мектептің қолданып отырғаны заңдылыққа сай. Осыған орай, біз тек ағылшын тілін меңгеру дейңгейлерімен байланысты жағдайды ғана талдауға алдық.

13-суретінде көрсетіліп отырғанындай, деңгейлер бойынша көрсеткіштер (*A1, A2, B1, B2, C1, C2*) жоғар сынып оқушыларының да, 5-9 сынып оқушыларының арасында біртекті үлестірілмеген.



	A1	A2	B1	B2	C1	C2
5-9 сынып	5,7	6,2	4,0	3,7	1,3	0,7
10-11 сынып	4,6	2,5	5,2	5,0	6,8	0,8
барлығы	5,4	5,2	4,3	4,1	2,7	0,8

13-сурет – Ағылшын тілін меңгері деңгейі

Бірақ, тілдік құзыреттіліктердің деңгейі неғұрлым жоғары болса, ағылшын тілін меңгерген білім алушылардың үлесі соғұрлым төмен болатынын атап өту керек. Ол да түсінікті, қазақстандық мектептердің түлектері ағылшын тілінен білімдерін В1-В2 аралық деңгейінде көрсетуі тиіс. С1 деңгейі бойынша жоғары сынып оқушылары арасында елеулі көрсеткіштерді нақты мониторингке қазақ-түрік лицейлерінің қатысуымен түсіндіруге болады, онда тілдік оқытудың ұйымдастырушылық тетіктері, басқа қазақстандық мектептермен салыстырғанда, біршама өзге. Бұл жоғарыда, қазақ-түрік лицейлері өкілдерімен өткізілген сұхбатта аталған. Одан басқа, ондай біртексіздікті жалпы білім беретін мектептердің Үлгілік оқу жоспарларына енгізіліп отырған өзгерістермен де түсіндіруге болады, ондағы инвариантты құрамдас тек жалпы білім беретін мектептер үшін ғана емес, ҚТЛ үшін де міндетті.

Сонымен қатар, педагогтердің сауалнамасын өткізу әдісінің де маңызы айтарлықтай. Респонденттерге арнайы зерттеулерсіз, табиғи білімділік ортадағы жалпы бақылаулардың қорытындысымен, күнделікті тұрмыста қазақ тілін, қазақ және орыс тілдерін, қазақ және ағылшын тілдерін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін, орыс тілін, қазақ және ағылшын тілін, орыс және ағышлын тілін пайдаланатын оқушылардың үлесін анықтау ұсынылған. Нақты зерттеудің жалпы қорытындысы 14-суретіндегі материалдарда көрсетілген.



14-сурет – Тілдерді күнделікті тұрмыста қолдануы бойынша оқушыларды үлестіру

Жоғарыда келтірілген тіректердің талдамасы келесі қорытындыны жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, қазақ тілін меңгерген оқушылардың саны орыс тілін қолданушылар көрсеткішінен ерекше, ешқандай динамикаға ұшырамаған. Оған қоса, зерттеліп отырған мектептердің ішінде оқытудың қазақ тіліндегі мектептер саны басым болғанына қарамастан, мектеп оқушылары күнделікті тұрмыста жиі орыс тілін қолданады (15-сурет).



15-сурет – Қазақ және орыс тілдерін күнделікті өмірде қолдануы

Екіншіден, қазақ-орыс қостілділігі қазақ-ағылшын қостілділігі (16-сурет) және орыс-ағылшын тілі қостілділігі (17-сурет) көрсеткіштеріне қарағанда, басым.



	каз. и рус.яз.	каз. и анг.яз.
2012-13 уч.год	49,3	42,4
2013-14 уч.год	52,0	39,3
2014-15 уч.год	62,6	44,9

16-сурет – Қазақ-орыс қостілділігінің қазақ-ағылшын қостілділігінен басымдығы



17-сурет – Қазақ-орыс қостілділігінің орыс-ағылшын қостілділігінен басымдығы

Үшіншіден, қазақ-ағылшын қостілділігінің көрсеткіші алдыңғы жылдағы төмен түсуінен кейін, 2014-2015 оқу жылында орыс-ағылшын тілі қостілдігіне қарағанда, қайта өсу қарқынын алуда.



18-сурет – Қазақ-орыс қостілділігінің орыс-ағылшын қостілділігіне қарағанда өсуі

Жалпы, қостілділердің үш санатындағы көрсеткіштердің динамикасында қандай да бір тұрақты бетбұрыс байқалмайды, себебі соңғы үш жылда нақты динамикасы зигзаг түріндегі траекториясын алған.

Қос тілді мектеп оқушыларының жалпы контингентін анықтаумен жағдай өзгеше. Бұл жердегі көрсеткіштердің динамикасы жылдан жылға үштілді балалар контингентінің тұрақты өсуін дәлелдеуде (19-сурет).



19-сурет – Үштілді балалар көрсеткішінің динамикасы

Сонымен, эксперименттің 8 жылында пилоттық мектептерде қалыптасып жатқан жағдай тұтас алғанда, қазақстандық қауымдастық үшін тән жалпы жағдайды көрнекі көрсетуде, яғни экспериментке тартылған көптілді мектеп оқушылары көрсеткіштерінің байқалып отырған өсімі Қазақстандағы тілдік бейненің даму заңдылықтарына бағынуда.

Оның себептері, ең алдымен пилоттық мектептердегі білім беру үрдісін мақсатты ресурстық (ғылыми-әдістемелік, оқу-ұйымдастырушылық, кадрлық және т.б.) қамтамасыздығында жатыр.

4.2 Қазақстанда көптілдік білім беруді дамыту бойынша ұсыныстар

Мониторингтің берген нәтижелерін, Қазақстандағы көптілдік білімді дамыту үшін жасалған қорытындыларды ескерумен, келесілер ұсынылады:

1) нормативтік және құқықтық қамтамасыздық

ҚР «Білім туралы» Заңына үштілдік білім беруді ескерумен, өзгертулерді енгізуге:

– үш тілде оқытуды ескерумен, жалпы орта білімнің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу;

– қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне оқытудың салыстыруға жататын деңгейлік моделіне негізделген тілдік стандартты әзірлеу;

– Тілдік стандарт негізінде, жалпы орта білімге арналған қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен Үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу;

– Жоғары сыныптарда ағылшын тілінде оқытуға бірте-бірте ауысудың НҚА әзірлеу;

– жоғары сыныпта оқыту үшін міндетті шарты ретінде ағылшын тілін В2 деңгейінде меңгерудің НҚА-сын әзірлеу;

– мамандықтардың жіктемесіне «Бастауыш оқытудың және ағылшын

тілінің педагогикасы және әдістемесі», «Информатика және ағылшын тілі», «Физика және ағылшын тілі», «Биология және ағылшын тілі», «Химия және ағылшын тілі» жаңа мамандықтарын енгізу;

– «Білім» бағытындағы мамандықтар үшін «Пәнді ағылшын тілінде оқыту» аттыүлгілік оқу бағдарламасын әзірлеу;

– «Білім» бағытындағы мамандықтар бакалавриатындағы Үлгілік оқу жоспарынан «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндерін шығарып тастау;

– жоғары және жоғары білімнен кейінгі жүйеде көптілді кадрлардың дайындығы үшін басым мамандықтарды анықтау;

– Білім және ғылым саласындағы кәсіби стандарттанға өзгертуерді енгізу;

– «Білім» бағыты бойынша көптілді кадрларды дайындаудың базалық ЖОО-ларын іріктеп, бекіту;

– «Білім» бағыты бойынша көптілді кадрларды даярлаудың базалық ЖОО-ларын іріктеудің критерийлерін әзірлеу (33-кесте);

2) әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыздық

– Үш тілді меңгеру индикаторларын әзірлеу;

– қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен Тілдік стандарттарға сәйкестікте отандық оқулықтарды және ОӘК әзірлеу;

– жоғары сыныптардағы пәндер бойынша ағылшын тіліндегі отандық оқулықтарды және ОӘК әзірлеу;

– жоғары сыныптардағы пәндер бойынша ағылшын тіліндегі отандық оқулықтарды және ОӘК әзірлеу (информатика, химия, физика, биология);

– жоғары сыныптардағы пәндер бойынша ағылшын тіліндегі үштілдік терминологиялық сөздіктерді әзірлеу (информатика, химия, физика, биология);

– жоғары сыныптарда ағылшын тілінде зерделенетін пәндер бойынша сыныптан тыс жұмыстың жобалық бағдарламаларын әзірлеу;

– жоғары сыныптардағы ағылшын тіліндегі вариативті құрамдастың пәндері бойынша бағдарламаларды әзірлеу;

– пәнді (математика, информатика, биология, химия, физика) және тілді біріктіріп оқытудың оқу-әдістемелік құрадарын әзірлеу;

– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде көптілді кадрларды даярлау үшін басым мамандықтардың жеке пәндерінен ағылшын тіліндегі отандық оқулықтарды және ОӘК әзірлеу;

– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде көптілді кадрларды даярлау үшін басым мамандықтардың жеке пәндерінен үштілді терминологиялық сөздіктерді әзірлеу;

– барлық деңгейлердегі ұйымдарда үштілдік білім беруді ескерумен білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жүйесін жаңарту;

– оқушылардың қосымша білім бойынша үш тілде бағдарламаларын әзірлеу;

– үштілді білімнің мониторингісіне автоматтандырылған кешенді бағдарламасын әзірлеу;

3) кадрлық қамтамасыздық

– үштілдік білім үшін педагог кадрлардағы қажеттілікке мониторинг жүргізу;

– білім берудің барлық деңгейлерінде үштілді білім беруді іске асыру үшін педагогикалық және басқарушылық кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша жоспарларды әзірлеу;

– үштілдік білім беру жағдайында ЖОО-дағы ППҚ-ның және мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың бағдарламаларын әзірлеу;

– үштілдік білім беру жағдайында ЖОО-дағы ППҚ-ның және мектеп мұғалімдерінің өндірістік сынақтан өту бағдарламаларын әзірлеу;

– үштілдік білім беру жағдайында жұмыс жасау үшін педагогтерге қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;

– зертету нәтижелерін бағалау үшін ұлттық сертификаттау сарапшыларының шеңберін анықтау.

33-кесте – Оқытудың ағылшын тіліндегі бөлімшелерін ашу үшін базалық ЖОО-ларын іріктеу өлшемдері

